



Республикалық жастар газеті

# Ақмешіт

6+

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан

# ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№9 (598)  
6 наурыз,  
2025 жыл

## АНАНЫҢ ЖАЙЫ НЕ БОЛМАҚ?

Жаңа өмірдің есігін ашқан әр сәби қуанышпен қатар жауапкершілік әкеледі. Бірақ бұл жауапкершіліктің салмағы көбіне жалғыз ананың мойнында қалады. Қоғам ананың баланың алғашқы ұстазы, отбасының ұйытқысы деп әспеттейді, бірақ оның күнделікті көретін қиындықтарын байқай ма? Біз ана болуды бақыт деп қабылдаймыз, ал сол бақыттың астарында қанша көз жасы, ұйқысыз түн, психологиялық күйзеліс жатқанын ұғына бермейміз. Бала тәрбиесі, әрине, қоғамның келешегін қалыптастыратын маңызды міндет. Алайда сол міндетті арқалаған нәзік жандарға қолдау жеткілікті ме?

### БАЛАЛЫ АНАҒА ЕСІК ЖАБЫҚ ПА?

«Балалы отбасыға пәтер жалға берілмейді!» – мұндай хабарламалар сирек емес. Баспана іздеген жас отбасының осы сөзден кейін үміті сөнбек. Себебі жалға берушілердің басым бөлігі баласы бар адамды кіргізгісі келмейді. «Шулайды», «үйді бүлдіреді», «көршілер шағымданады». Ал көп балалы немесе жалғызбасты аналар үшін бұл тіпті ауыр мәселе. Мемлекеттен жалға берілетін әлеуметтік пәтерлер бар, бірақ олардың кезегі жылдап жылжымайтыны тағы бар. Баспанаға қатысты қысым ананың жүйкесін жұқартып, болашаққа деген сенімін өшірмек. Ал баласын құшақтап пәтерден-пәтерге көшіп жүрген әйелдің жанайқайын кім естіп жатыр?

Бұл – қоғамда бұрыннан бар мәселе. Қарағандыдан Алматыға қоныс аударған жалғызбасты ана Айнур Байгелдиева балалы аналардың жанайқайын жеткізді.

– 2 қызым бар. Жолдасыммен жолымыз екіге бөлінгеннен кейін «жаңа өмір» бастау үшін Алматыға келдім. Қарағандыда

жүргенде-ақ пәтер іздеп бастадым. Бірінің бағасы қымбат, бірінің егесі нашар. Барған соң көрерміз деп, тәуекелге бел байлап жолға шықтық. Ең қиыны үлкен қалаға жеткен соң басталды, – дейді ол.

2  
бетте

### Индира ТАЙШМАНОВА: ЕҢБЕК ЕТКЕН ЖАН ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Жан қалауындағы істі табыс көзіне айналдырып, қолөнер мен кәсіпкерлікті ұштастыра білген жандардың бірі – Индира Тайшманова. 16 жасынан бастап тігіншілікпен айналысқан ол бүгінде облысқа белгілі «Ханшайым» ательесінің ісін өрге домалатып отырған жеке кәсіп иесі. Қолөнерде өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған Индира Әлдібайқызының бұл салада 32 жылдық тәжірибесі бар. Осы уақыт ішінде ол аймақтағы беделді ателье мен цехтарға еңбек етті. Өзі ісіне деген махаббаты мен табандылығының арқасында бүгінде жеке кәсібін дамытып, тұтынушыларға сапалы қызмет көрсетіп келеді. Отбасы мен кәсіпті қатар алып жүрген Индираның әрбір жетістігі – еңбекқорлық пен табандылықтың жарқын келбеті.

– Білуімізше, 16 жасыңыздан бастап тігіншілікпен айналысады екенсіз. Бұл кәсіпке қызығушылығыңыз қалай пайда болды, оны оятуға әлдекім сеп болды ма?

– Иә, тігіншілікке қызығушылығым мектеп жасымынан пайда болды десем артық емес. Ол кезде үйімізде тігін тігетін аяқ-машина болатын. Менің әкем де, анам да қарапайым жұмыс істеді. 1993-94 жылдар болатын. Мектепке сәнді киініп баратын қыздарға қарап сәнді киінгің келеді. Тігінші туыс апайымыз бар, есімі – Заира. Сол кісінің ізінен қалмай, «Маған тігін тігуді үйретіңізші» деп өтініш айта бастадым. Сонда ол «Сен әлі жасың, бұл байып кететін де, құлдырап кететін де жұмыс емес. Біреудің бір кем-кетігін тігіп берсең де, қалғанда күнделікті қаражатың болады» деп ақыл-көнесін берді. Өзі «Өрімтал» деген үлкен ательеде жұмыс істейді, қарамағында 30-40 адам болатын. Дегенмен алған бетімнен қайтпаған соң апайым келісті. Түске дейін сабақта боламын, түстен кейін екі сағатымыз сол кісіге арнаймын. Әуелде маған киім үтіктеуді тапсырды. «Ал бізге жаңадан үйренуші қыз келді. Қажетті заттарыңыздың барлығын үтіктетіп алыңыздар» деп хабарлады. Оны мен түсінбей қалдым, әлі баламын. «Мен машинка тіккім келіп еді, үтік ұстатып қойғаны-несі» деймін ішімнен. Үйде ата-әжеме реніштімі айттым, жұмыста қабағымды түйіп Заира елкеме қарап қоямын. Ол кісі «Кім қандай бұйым үтіктеуге береді, содан бастап үйренесің. Үйренің келсе тапшынысыңды байқайық» деді. Содан бастап барлығына көмектесіп, киім үтіктеп жүргенімде алты ай өте шығыпты. Күнделікті үтіктей берген соң жемі, жағасы, етегі көзіме жатталып қалды.

7-бетте

## Ұлт дамуына үлес қосқан

# ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ

Қазақ халқының тарихында қыз баланың орны ерекше. Олар тек отбасының ұйытқысы ғана емес, ұлттың ұяты мен намысының символы болған. Алайда ғасырлар бойы білім мен ғылымға қол жеткізу тұрғысынан қазақ қыздарының жолы жабық еді. Қараңғылықтың қақпасы қымталып, үміттің шамы әлсіз жанып тұрған заманда қазақ қыздарының білімге деген талпынысы көктемгі қардың астынан қылтынып шыққан нәзік гүл іспетті. Қалың надандық пен қатал тағдырдың арасында қалған олардың әр қадамы – тас жолдағы табанына кірген тікенек сияқты болатын. Олар білім алуға ұмтылған сайын тағдырдың сынағы да ауырлай түсті. Бұл – жай ғана оқудың жолы емес, азап пен арпалыстың, көз жас пен құрбандықтың жолы болды. Десе де елімізде есімі алтын әріптермен жазылған бұл арулардың тағдыры бүгінгі ұрпаққа тек мақтаныш қана емес, терең тебіреніс тудырады. Себебі бір салада тұңғыш болып, қақ жару қиынның қиыны.

Қазақ халқының тарихында өз өмірін ұлтының дамуына арнап, тұңғыш бастамаларды көтерген талай қайраткер қыздар болды. Олар қиын замандарда білім мен өнердің, ғылым мен ерліктің жұлдызын жағып, кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге қалдырды. Сол асыл арулардың қатарында ағартушы, ұстаз әрі журналист Нәзипа Құлжанова, екінші дүниежүзілік соғыстағы жалғыз қазақ ұшқышы Хиуаз Доспанова, сондай-ақ тау-кен ғылымындағы алғашқы қазақ әйел ғалымдарының бірі Нәйлә Бозанова бар. Осы үш тұлғаның өмір жолы, халқына сіңірген еңбегі, қазақ мәдениеті мен ғылымындағы маңызы және кейінгі буынға қалдырған мұрасын талқылайық. Олар – тарих сахнасында ерлермен иық тірестіре жүріп, елінің енесін көтерген қайсар қыздар.

4-бетте



Гүлнәр МҮСТАФАЕВА:

## ДЕНСАУЛЫҚ САЛҒЫРТТЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ

Әрбір адамның денсаулығы – қоғамның басты байлығы. Ал жүйке жүйесінің саулығы адамның физикалық, психикалық және эмоциялық жағдайын тікелей анықтайды. Невропатология саласы дәл осы маңызды бағытқа ерекше назар аударады. Білікті маман, көпжылдық тәжірибесі бар невропатолог дәрігер Гүлнәр Мұстафаевамен мереке қарсаңында сұхбаттасудың сәті түсіп, әйелдер мен балалар денсаулығы туралы әңгіме өрбіттік.

8-бетте



БАҚЫТТЫҢ БӘРІН БЕРГЕН –  
АЯУЛЫ АНАМ!



3-бетте

8 НАУРЫЗҒА  
НЕ СЫЙЛАУҒА БОЛАДЫ?



8-бетте

Басы 1-бетте

Айтуынша, тұрақты пәтер табуға 3 ай жұмсаған.

– Құрбымның үйінде тұрақтадық. Бір кіргеннен 3 ай дегенде әзер пәтер таптық. Қаланың шеті, дегенмен бағасы қолайлы болды. Пәтер іздеп жүргенде түрлі адамдармен сөйлестім. Кейбіреуі жалғызбасты ана дегеннен-ақ қашты. Ал біреуі өте жеке сұрақтар қойды. Әрине, үйінде кімдер тұратынын білуің керек. Бірақ адамдардың дәл мұндай жаман ойлайтынын білмедім. Маған өте үлкен сабақ болды. Менен басқа қ а н ш а м а қ ы з -

жұпты іздегенін айтып, қуанды. Бірақ әр бүлдірген заттың құнын алдын ала ескертті. Жалға пәтер іздеу процесі осылай аяқталды.

Жуырда әлеуметтік желі қолданушысы Малика Айтжанқызы такси жүргізушілеріне ренішін білдірді. Оның айтуынша, такси жүргізушісі оны баласымен бірге отырғызбаған. «Қашаннан бері темір адамнан артық болған? Бұл жағдай

Аналарға жұмыс табу неге қиын? Жұмыс берушілер жас аналарды еңбек нарығында сенімсіз қызметкер ретінде қабылдайды. Себептердің қатарында жұмысқа тұрақсыздық, яғни, «Бала күтімі үшін жиі сұранады» деген стереотип қалыптасқан. «Баласы ауырып қалса, кез келген уақытта жұмыстан шығып кете салады» деген қорқыныш және «Кішкентай баласы бар ана жұмысты бірінші орынға қоя алмайды» деген қате түсінік тағы бар.

«БАЛАЛЫ БОЛҒАН СЕН ҒАНА ЕМЕС»

Ең қорқыныштысы, осы құрбымнан ашық пікір білдіруін сұрағаныма, тартыншақтады. Бойында ұялу, қысылу деген жоқ құрбым декреттік демалыста қоғамнан шеттетілгендеймін деп айтып

«баласына қарамайды» деп айыптады. Егер баласы жыласа, «тәрбиелей алмай жатыр» дейді. Егер өзіне көңіл бөлсе, «тек өз қызығы үшін өмір сүреді» деп сөгіп жатады. Әсіресе, бала күтімімен үйде отырған аналар өзін дәлелдеуге тырысып, қосымша табыс табу үшін бір кәсіп сата бастайды. Бірі үйде отырып тәтті пісіреді, бірі тігін тігеді, бірі онлайн сабақтар өткізеді.

Ойлаңызшы, күн сайын бір әйел ана атанады. Күн сайын бір ана қоғамның сынына, қиындықтарына төтеп беріп, өзін жоғалтпау үшін күреседі. Күн сайын бір ана баласының болашағы үшін басқалардан екі есе артық еңбек етуге мәжбүр.

– Босанғаннан кейін қатты күйзелісте жүрдім. Бірақ «бұл уақытша кезең» деп өзімді алдаумен болдым. Үйге келген адамдар «дені сау бала тудың, енді не керек?» деп таңғалады. Ал мен жылай беретінім. Бір күні енем «Бәріміз де

Ол өзін жалғыз сезінгенін, күйеуінің де, туған-туыстарының да оны түсінбегенін айтады. Біраз уақыттан кейін күйзелісі күшейіп, тіпті баласынан алшақтап кеткендей әсерде болған.

– Бір күні айнаға қарадым да, өзімді танымай қалдым. Мен бұрын бұлай емес едім ғой? Қалай өзгеріп кеттім? Осы ойлардан кейін психологқа баруға шешім қабылдадым. Ол менің босанғаннан кейінгі депрессияға түскенімді айтты. Бұл менің кінәм емес екенін, аналарға мұндай жағдай жиі болатынын түсіндірді. Мұндай жағдайға түскен келіншек көп екен. Психологқа келетін әйелдермен араласып, мәселеміз бір болғаннан кейін бір бірімізге қолдау білдіре алдық. Осындай қиын кезде бізге керек тек жылы сөз екенін түсіндім. Жақындарым менің күйіме түсе алса, мені қолдаса мүмкін тез айығып кетер ма едім? – деп аяқтады ол.

Психолог Айгүл Мұқанқызының



# АНАНЫҢ ЖАЙЫ НЕ БОЛМАҚ?

келіншектер де осылай үй таба алмай жүр. Өте өкінішті. Балалы аналардың жазығы неде?, – деп пікір білдірді Айгүл.

Әдеттегідей «krisha.kz»-ке өтіп, 3 кішкентай баласы бар ана ретінде жалға берушілермен әңгімелестік. Қызыл-орданның орталығынан 270 000 теңгеге екі бөлмелі үйді алмақ болып, егесіне қоңырау шалдық. Айтуынша, үй жаңа, тек студенттер тұрақтаған. Тұсқағаздары да, жиһаздары да түртілмеген. Егер бір балаңыз болса, келісер едім деп, сымсыз байланыстың ар жағынан «шығарып салды». Біз де қоймаймыз, тағы бір пәтердің иесімен байланыстық. Сұлтан Бейбарыс көшесіндегі пәтерді 90 мың теңгеге саудалап тұрған апай үйдің жағдайын жайып салып, ағынан жарылды. «Келіп көр, ұнаса көшіп кел» деді. Баланың жасы түгелі, нешеу екенін де сұрамады. Ал «Жанрос» деп танылған базар жақтағы үйлердің орташа бағамы 150 мың теңге екен. Тағы да егесіне қоңырау шалдық. Бірден отбасылық жағдайымызды сұрап, бас салды. Жарты жылдан бері үйін өткізе алмай жүр екен. Соған қарағанда ылғи балалы отбасылар хабарласады-ау. Ол оларға үйді жалға бергісі жоқ. Бізге де «сау болындар» деп қоя салды.

Ендігі кезек Астанаға келді. Бүлтпен таласып тұратын тұрғын-үй кешендерінің бағасынан басымыз айналып, о бастағы 3 баланы ұмытып кетіпсіз. Есіл ауданынан 3 бөлмелі үйді алмақ болдық. Иесі де отбасылы

көп қайталананды. Келіншектерден баламен алмайды деп естігенмін. Бірақ сенбейтінмін. Ал бүгін өзім көрдім» деп Instagram парақшасында жазба қалдырды. Жарияланымдағы пікірлерге зер салдық. Бірі баламен жүргенде тек «комфорт» шақыратынмын, себебі басқалары баламен отырғызбайтынын жазған. Келіп тұрса да, баламен алмай кеткен жағдай туралы бөліккендер де бар. Ал Малика Айтжанқызының жазбасына «Yandex GO» сервисінің Қазақстандағы ресми парақшасы былай деп жауап жазыпты: «Заң бойынша 12 жасқа дейін балалар арнайы креслода отыруы керек. Тапсырыс жасағанда «Балалар креслосы» опциясын көрсеттіңіздер ме? Егер таңдасаңыз, жүргізушінің сапардан бас тартқаны жөн емес».

Келесі мәселе – жұмыс. Қоғамда жұмыс істегісі келетін аналарға кедергі көп. Кеше ғана құрбыммен сөйлесіп, көңілім түсті. Ол – Алматыда оқыған, қызыл дипломы бар маман. Кәсіби білімі мен тәжірибесі жеткілікті. Бірақ екі жасар ұлы бар болғаны үшін жұмыс табу оған қиынға соққан екен. Жұмыс берушілермен әңгімелесу кезінде үміткер ретінде біліктілігі мен қабілеті емес, отбасылық жағдайы басты мәселе болғанын айтты. «Балаңызға кім қарайды?», «Күтпеген жағдайда жұмыстан шығып кетпейсіз бе?» деген сұрақтар жиі қойылады екен. Бұл – көп ананың басындағы жағдай.

қалды. Міне, әйел аналардың тағы бір мәселесі – өзін төмендетуі.

Көпшілік «Декрет – демалыс» деп ойлайды. Бірақ бұл кезең де көп әйел үшін қиын сынақ. Бала күту, оның ұйқысы мен тамағын реттеу, әр минутын сәбиге арнау ананың өзін толықтай ұмытуына алып келеді. Жас аналар өзін үйдің масылы сезінеді. Бұрынғы жұмысын сағынады, бұрынғы өмірін еске алады, бірақ кері оралғысы келмейді. Себебі енді оның басты жауапкершілігі – баласы. Сол уақт әйелдер өзін тығырыққа тірелгендей сезінеді. Мысалы, жұмысқа қайта шықса, баласынан алыстап кетем бе деп алаңдайды, үйде отырса, өзін қоғамнан шеттетілгендей көреді. Осындай жағдайларды ескере отырып, декреттік кезеңде аналарға қолдау аударай қажет екенін айтқымыз келеді. Бірақ көбіне айтылатыны тек «Үйде бос отырсың ғой», «Баламен отырған әйелдің өмірі қиын болуы мүмкін емес», «Неге арықтамадың?», «Өзіне қарамайсың ба?». Бұл сөздер, әрине, нәзік жандарды одан әрі қажытта түседі. Әйел осының бәрін ауыр қабылдап, күйзеліске түсуі қалыпты жағдайға айналып кетеді.

Расымен, қоғам аналардан көп дүниені күтеді. Олар әрі тамаша ана, әрі мінсіз жар, әрі табысты адам болуы тиіс. Егер жұмыс істемесе, «үйде отырып қалды» дейді. Егер жұмыс істесе,

қиындық көрдік, балалы болған сен ғана емес» деді. Осы сөздерден кейін көмек сұрауға қорқа бастадым, – дейді жас ана Галия.

Босанғаннан кейінгі депрессия – бұл әйелдерде босанған соң пайда болатын көңіл-күй бұзылысы мен жалғыздық сезімі. Бұл психикалық күй ана мен балаға кедергі келтіреді, нәтижесінде дұрыс атаналық мінез-құлықтың қалыптасуына әсер етеді. Мұның белгілері әртүрлі болуы мүмкін. Ал негізгі көріністеріне себепсіз жылау, күйзеліс, мазасыздық, ашушандық, апатия, ұйқының бұзылуы, тәбеттің өзгеруі, тез шаршау, әлсіздік жатады. Бұл белгілер әдетте босанғаннан кейін 4 апта ішінде пайда болады және тұрақты түрде жалғасады.

Айжан Қуанышбекқызы – 27 жаста, екі баланың анасы. Ол екінші баласын босанғаннан кейін қатты күйзелісті бастан өткерген. Оның айтуынша, алғашқы күндері өзіне не болып жатқанын түсінбеген.

– Алғашқы босанудан кейін бұлай болмаған еді. Екінші балам дүниеге келген соң үнемі шаршап жүрдім. Бала жыласа, өзімді кінәлі сезінемін, онымен жеткілікті уақыт өткізе алмай жатқандай көріндім. Түнде ұйықтай алмаймын, ал таңертең ештеңеге зауқым соқпайды. Үнемі бір штей күйзеліс, көңілсіздік билеп жүрді. Жақындарыма айтсам, «бұл гормон, уақыт өте кетеді» деп жылы жауып қоя берді, – дейді Айжан.

айтуынша, босанғаннан кейінгі депрессияны әйелдің денсаулығына ғана емес, оның әлеуметтік ортасына байланысты қарастыру қажет.

– Ананың психологиялық күйіне оның жақын ортасы үлкен әсер етеді. Көп жағдайда әйел босанған соң өзін жалғыз сезінеді, өйткені қоғамның көзқарасы бала күтіміне толықтай жауапты екенін оған жүктейді. Жақындарының қолдауы болмаса, бұл сезім күшейе түседі. Сонымен қатар ананың физикалық және эмоционалдық жағдайы да маңызды. Гормоналды өзгерістерден бөлек, ұйқының жетіспеуі, созылмалы шаршау және әлеуметтік оқшаулану депрессияға әкелуі мүмкін. Сондықтан босанғаннан кейінгі кезеңде әйелге тек медициналық емес, психологиялық көмек те қажет, – деп түсіндірді психолог.

Оның айтуынша, депрессия белгілерін ерте байқау және алдын алу үшін отбасы мүшелері ананың эмоциялық жағдайына мұқият болуы тиіс. Егер әйел ұзақ уақыт бойы күйзелісті сезінсе, психотерапевт немесе психолог маманына жүгінген жөн.

Бірі білсе, бірі білмес мәселелердің бір парасы осындай. Аналардың мәселесі күн тәртібіндегі басты тақырып болуы қажет. Себебі, ананың тап болған бүгінгі қиындығы, ертеңгі ұрпаққа әсер етпесіне кім кепіл?..

Әлия ТӘЖІБАЙ

## Даналық анамнан тарайды



Балалық шақтың бал күндері қай баланың болсын емес-емес екенін. Менің жадыма қалғаны – анамның қаталдығы. Сабақ оқуға келгенде өте қатал болатын. Өзіміз қазақы қарапайым отбасыда ұлттық құндылықты бойға сіңіріп өскен сон орыс тілін үйренуге онша құмар емес едік. Оған қоса сырбайлықтардың барлығы қазақ тілді емес пе?! Сөйтіп бір немесе екінші сыныпта оқитын кезім. Анам жоғары сыныпқа барғанша сабағымызды қатты қалағалайтын. Ол кезде тұрмыстың тіршілігі бітсін бе... Үйдің шаруасы, оған қоса қызметі бар. Сонда ерінбей, ұрысып отырса да, бізді өзі оқытып, өзі бақылайтын.

Бір күні орыс тілі пәнінен үй тапсырмасын орындап отырдық. Орыстың «Айболит» деген сөзін оқи алмай тақтың астында қалғаным әлі есімде. Сол күнді атқыр сөзді «Ай-бо-лат» деп айта беремін. Анам «Ай-бо-лит» деп бұрынға бөліп, қайта-қайта айтады да, «қайтала» дейді. Мен құрғыр сол сөзді айта алмай, бір тапқ жегенім бар. Сол кезде анамның бұл қылғына ренжітімін. Бірақ әсейе келе, сол қаталдығының астарында жанашырлық, «осы адам болсын» деген қағида жатқанын ұқтым. Соның арқасында шыдамды, еңбексүйгіш болып өстім.

Қазір 4 тілді жетік білемін. Сол кезден бастап гуманитарлық салаға, журналистикаға бағыттап, жоғары оқуға алғашқы ұстазым анам екен. Кішкентайымнан ашық-жарқын, бірақ өте аңғал әрі ақсөңіл болып өстім. Ағайын-жұрағат, әулеттің үлкендері, тіпті әкем де, бұл мамандықтың менің мінезіме сай емес, ауыр екенін

айтып, басқа салаға бағыттауға тырысты. «Журналистика – қыз балаға қиын, қауіп-қатері көп», «Одан да тыныш, жайлы жұмыс таңда» деген сөздерді сан мәрте естідім. Бірақ сол кезде менің қасымда анам ғана тұрды. Ол менің бала кезден жазуға жақын екенімді, өзгелердің әңгімесін ұйып тыңдап, әр дүниеге талдау жасайтындығы байқап жүретін. «Қаламыңды тастаушы болма, қызым. Арманыңнан бас тартпа!» – деп демеу беретін. Кейде көңілім босап, өзіме сенімсіздік танытсам, «Сенің жүрегіңнің қалауы – осы. Басыңа түскен қиындыққа мойыма, мақсатыңа ұмтыл» деп қайрап отыратын. Мектепті үздік бітіріп, журналистика факультетіне оқуға түскенімде анам қатты қуанды. Қолына дипломымды ұстатқанда көзіне жас алып: «Мен саған сендім. Енді сен де өзіңе сен», – деді. Бұл сөздер менің жалымда мәңгі сақталып қалды. Кейде жұмыс ауыр болып, шаршаған сәттерімде анамның сол мейірімді жүзі, маған деген сенімі көз алдыма келеді. Сол кезде қайта жігерленіп, алға ұмтыламын.

Ана – әр адамның өміріндегі ең ұлы ұстаз. Оның берген тәрбиесі, айтқан ақылы – баға жетпес қазына. Менің бүгін қол жеткізген жетістігім бәрі анамның маған деген сенімі мен махаббатының арқасы.

Қанша жасқа келсем де, анамның бала күніндегі өсиеті мен даналық сөздері жадыман еш өшкен емес. Анамның ақылы – өмірімнің басты қағидасы. Қандай жетістікке жетсем де, алға қалам басам да, анамның дұғасы мен ол берген тәрбие жемісі. Оның жүзін қыртыс жауып, әжім басса да, анам мен үшін мәңгі жас, ақылы тасыған дария, әр сөзі тәрбие бесігі. Жүрегі мейірімге толы жақсы жан. Мен анамды жақсы көремін. Осы күнгі қалпын үшін анама қарыздармын...

Әсия НҮРЛЫБАЕВА, «24.kz» арнасы халықаралық ақпарат бөлімінің тілшісі

### Менің анам...

Шерхан Мұртаза «Ай мен Айша» романында жеткізгендей, «балалықтың елінен» келмеген ешкім жоқ. Әр адамның балалық шағы – патшаның тағы. Өмірдегі тәтті естеліктерінен тек бала күнгі басынан өткен оқиғалары ғана айна-қатесіз есіне қалады. Әсіресе, отбасындағы қызықты да ерекше сәттер әлі күнге дейін санада сақталады. Менде де солай.

Біраз күннен соң 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі. Мейрам қарсаңында редакция ұжымы өздерінің аналарына деген тілектерін газет бетіне түсіруді құп көрді. Сол секілді мен де өзімнің анаммен бірге бала күнгі есте қалған оқиғаммен бөліскенді жөн санадым.

2004 жылдың қыркүйегі, аптаның соңғы күні таңын атырған. Базар іші сабылсақ адам, қайнаған тіршілік. Бұл күні бала-шағасының қамы үшін нәпақасын айырып жүрген әйел-аналар үйдегі ескі-құсқыны азын-аулақ ақшаға сатуға шығаратын. Біздегілер мұны «Өттік базар» деп атайды. Саудаласуға келетін де сол үйдің жүгірмектерге болсын деп жүрген жұрт.

Бірде анам базардың кіреберіс қақпасынан түкірілген ескірген киім-кешек сатқан бір топ сатушының жанына қарай жеткенді. Қаз-қатар тізілген картон. Жайылған көйлек, сым шалбар, құлақшын мен бәтеңке. Асықпай барлығын көзімен бір сүзіп шыққан анам шетте отырған сары әжірге сәлемін салып, оң беті сол өңген қоңыр шалбар мен өкше тақасы түскен бөтенкеңің бағасын сұрады. Сатушы айтқан баға анама ұнамаса керек, келесісіне бұрыла кетті. Бұл кезде мен оң қолыммен қос қара дорбаны басып, сол қолымды ұнтақ қантты ерітіп дайындаған «қораз кәмпіттен» ала алмай тұрмын.


Сыртай қолындағы балағы кең қара шалбар мен қонышты қара бәтеңкені шақтаған анам, сыбырай «шақ келеді, кем-кетігін ретке келтіріп аламын» деп саудаласа кетті. Сәлден соң базардың қыз-қыз қайнаған тіршілігінен кейін кең көшенің бойында: «Сәл шыда, жана әдемі көйлек те киеңіз» деп терен тыныстағаны бар. Бұл отағасының тапқан-таянғанын айдан-айға азық-түлікке жаратып, ауысқанына балаларын кезекпен кіндіретін анамның кезекті күйбеңі еді.

Өзі ішіп-жеп, киім кимесе де осылай қыста киетін киімдерімдізі ертерек түгендеп қоятын. Кейін араға жылдар салып, анам базардан орын алды. Түркістан мен Шымкент қалаларынан арзан бағада киім тасып, саудагер болып шыға келді. Алғаш сапары кезінде де жанында болып, осы оқиғаны күліп еске алғанымыз бар...

Бала күні анамның жанында көп жүрдім. Әңгімесін тыңдап, әр жетістігімді бөлісіп отыратынмын. Әлі күнге дейін «Ақпашам» деп еркелетуден жалыққан емес. Осы күні қандай да бір биікті бағындырған болсам, ол – анамның дұғасы, жан баласының жанына қауа салмасам, ол – анамның тәрбиесі.

Өткен жылы анам 51 жасқа толды. Көпшілік «Анаң әлі жас қой» деп жатады. Ал оның қартайып, ажарына әжім түсе бастағанын әр үйге барған сайын мен ғана байқаймын...

Абзал ЖОЛТЕРЕК



# Бақыттың бәрін берген — аяулы Анам!

## Ана — ізгілік пен мейірімділіктің ұйытқысы



Ардақты аналар, аяулы арулар!  
Сіздерді бүкіл дүниені шуағына бөлеп, тыныс-тіршілігімізге нәр берген, нәзіктік пен сұлулықтың символы саналатын, көктемнің шұғылалы мерекесі, 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Көктемнің сұлу арайын ала келген мереке Сіздерге бақыттың гүлін, сұлулық пен шаттықтың нұрын, әр күннің жылылығы мен жақсылығын, берекесі мен ырысын ала келсін!

Бұл мейрам қашанда ең ізгі, ең ыстық, ең қастерлі сезімдерге толы.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хадисінде: «Жәннат — ананың табанының астында» — десе, адамзаттың ұлы ойшылдары ежелден-ақ: «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» — деген.

Әйел — ұлттың айнасы!  
Осынау бақыт мерекеменің аяулы, жердегі жұмағы, бақыт мұнарам, бар асылым мен ең қымбат қазынам — анашымды перзенттік шексіз махаббатпен құттықтаймын!

Сізге өмірдің бар жақсылығын, барлық кереметін, барлық игілігін, барлық қуанышы мен бақытын тілеймін!

Біздің арайлап атқан әр таңымыз, барлық бақытты сәттеріміз, көрген қызығымыз бен жеткен жетістігіміз Алланың және сіздің арқанызда!

Перзент үшін ата-анадан қымбат, олардан асқан мейірімді, жанашыр жан жоқ шығар. Менің ты

өмірдегі үлгі тұтарым — әкем мен анам! Дегенмен әкеміздің көрер жарығы аз екен. Ол кісі 46 жасында өмірден өтіп, анамыз 6 баламен өзі қалды. Үйдің ең кенжесі менің жасым сол кезде 12-де болатын. Сол кезден бастап әкемізбен бірге көтерген шаңырағының түтінін түзу етіп, жарығын сөндірмей келеді. Бала кезімізден, анамыздың бойындағы шексіз мейірім мен қайсарлықтан қуат алып келеміз.

«Жесірмін» деп балаларын «жетімсіреткен» жоқ. Қазақта «Алладан жасырмағанды адамнан жасырмаймын» дейді ғой. Талай мәрте 6 баланың асауқаты мен қажеттілігін өтеу үшін қиындықтарға қарсы тұрамын деп көзіне жас алғанын, ешкімнен кем қылмаймын деп тынымсыз еңбек еткенін, ессесі кетсе де еңсесін түсірмей «басын» биік ұстағанын көріп өстік. Ешкімге алақан жайған жоқ, бізді де біреуден сұрайтын емес, қолыңнан келсе елге болыс деп тәрбиеледі.

Анамыздың сол еңбегі мен бізге деген мейірімін, ақ сүтін ақтау үшін қолдан келгенше тырысып бағамыз, әрине. Бірақ сол өткен шаққа деген «өкпе мен назды» ұмыттыру үшін, жүзіңден күлкі кетпестей қуанту үшін, бақытты ана сезіндіру үшін бар күш-жігерімді аямай қызмет қылуға әркез аянып қалмаймыз. Лайықты әкенің, лайықты ұрпағы болу үшін барымды саламыз. «Әкеңе тартқаның», «Әкең де осылай жасайтын», «Әкең осылай айтушы еді» деген сөздермен-ақ, мені арқаландырып, әкеміздің жоктығын сезіндіруге тырысты. Сол үшін де сіздей жанды жар қылып, бізге сіздей ана тарту еткен өкеме мың алғыс! Анашым, менің басымдағы бағым, барым, бақытым өзіңіз! Осындай мықты мінез бен текті ұстанымдары арқылы тек бір отбасы мен әулеттің ғана емес, әлеуметтің қамы үшін қызмет етуге тәрбиеледі, өздері үлгі бола білді.

Бүгінде шүкір дейміз! «Орында бар оңалар» дегендей, қазір ұл-қыздарын қанаттандырып, немере мен шөбере сүйіп отырған әулетіміздің аз-әжесі.

Анашым! Сізге шексіз жақсы тілек пен әдемі жылы сөздерді арнаулан жалықпаймын.

Жалпы қоғамдағы бейбіт тірліктің, мызғымас бірліктің, ізгілік пен мейірімділіктің ұйытқысы да өздеріңіз!

Анаға деген құрмет, барлық ыстық ықыласымыз бен ілтипағымыз тек мереке күндері ғана емес мәңгілік мақсатымыз, тұрақты ұстанамымыз.

Жер бетіндегі жақсылық, ізгілік, қайырымдылық атаулының бәрі сіздерден, әйел-ананың ақ сүті мен ақ ниетінен тарайды!

Асыл жандар!  
Мерейлі мереке көңілдеріңізге шырайлы шұғыласы мен шуақты шапағатын шаша бергей!

Дендеріңізге саулық, босағаларыңызға бақ-береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін!

**Руслан КАЮПОВ,**  
Облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы

## Әлемнің әсемдігі аналарда



Әрине, адамзат баласына ана десе айтылатын жыр да, сыр да, естен кетпейтін естеліктер де, әсерлі әңгімелер де жетерлік. Ал менің анам деген тақырып бұл тіптен ғажап сезімге бөлейтін дүние. Менің анам Ажархан Шөпшебайқызы 40 жыл ұлағатты ұстаз болған ардақты жан. Бастауыш сынып мұғалімі болып, қанша баланың қанат жаюына себепкер болған, өз ісінің шебер маманы. Алты баланың анасы атанып, күміс медаль иегері болды.

Өз ісінің шебері дегеннен шығады ғой, анамыз әлі күнге дейін мұғалімдік жолын айтып отырады. Зейнетке шыққанына 15 жылдан астам уақыт болса да, түсінде ашық сабақ өтетін болып, түнімен ақ тер, көк тер сол сабаққа дайындалып, таңертең қара терге малынып оянып кететін көрінеді. Не болмаса сол түсінде сыныптың қабырғасын әктеп, орындық қойып, сынып кабинетінің төбесін әктеуге кіріседі екен. Орындық тайып кетіп, шошып оянған кезде «түсім екен ғой» деп, сол кездегі жұмыстың әсері, сол кездегі ұстаздың жауапкершілігі әлі күнге дейін мойнында болмаса да, ойында екеніне дәлел дер едім.

Анамын менің әр басқан қадамыма тілекші болып отыратынына қуанамын. Қазір айтысқа шығып, сахнада отырған сәтте, егер анам менің айтысыма келген болса, қас-қабағын бағып отырамын. Екі-үш жыл бұрын Астанада үлкен айтыстан сайыс өтіп, бас жүлдені иеленген едім. Кейін қара шаңырақта әкемнен өткен айтысты талқылап, айтысқанда туған әр шумакты талдап, халықтың берген бағасын айтып отырған кезде анам былай деді:

— Шынымды айтсаң, айтысты көрген жоқпын.  
— Неге?, — десем, — Сен шыққаннан бастап қолыма жаңағы, өзіңнің тілейтін дұғам бар, соны жазып алып, сенің тілеуіңді тіледім айтыс біткеннен дегенше, — деді анам.

Кейін осы дүниенің басқа бауырларым куәгері болып, сол сәтті суретке түсіріп алышты. Мен айтысқа шыққан кезде тақымнан қысып, мен үшін дұғадан болған анамын суретін көрдім. Анам бұрын берген бір сұхабында «сенің боқшы болмағаныңа қуанамын, әйтпесе қалай отырар едім шыдап» деген де еді. Сол сияқты осы жетістіктеріме жетуімнің, еліміздің алдында абыройымның асқақ болуы, ең алдымен Алланың қалауы, Алаштың тілегі, сосын анамын ақ пейілі, шын жүрегімен тілеуі деп білемін.

Бір естен кетпейтін естелік. Ең алғашқы айтыстан жүлделі орын алып, үй-ішімді қуанып жүрген кездері, анам ауылда жұмыс пен үй тіршілігінің арасында шапқылап жүретін еді. Мектептің өзі 2 шақырымнан астам жерде орналасқан. Сол кездері біраз болған еді кір мәшинесінің істен шығып, қолы қысқарып қалғанына. Құдай сөзін салып, мен Жалағашта өткен Социалистік Еңбек Ері Ұзақ Еспановтың құрметіне арналған облыстық айтыс байқауына қатысып, қателеспесем, қаржылай сыйлық ұтып алған едім. Ол кездері бұл біраз ақша еді ғой. Үйге келіп, анама «мынау айтыстан алған жүлдем» деп, қолына жүлдемнің бір бөлігін ұстаттым да, өзім базарға барып, кір мәшине сатып алдым. Сыйлығымды тасиге тиіп, үйге әкелдім. Сол сәтте анам есік алдында кір жуып отыр еді. Көліктен кір мәшинені түсіріп, «енді кірді қолмен жумайсыз» деп анама айтқан кезім, анамын көз жанарындағы қуаныш тап кеше болғандай әлі көз алдыма. «Менің балам есейіпті ғой, менің балам қолғабыс ететіндей жасқа жетіпті ғой» деген анамын көзіңдегі мейірім, бойындағы мақтаншыл сезім ерекше есте қалыпты. Әрине, анаға деген құрмет, анаға деген сыйлық қанша жасасаң да ысырап болмайтын дүние.

Біздің жеткен жетістіктеріміз, биіктен көрініп жатқанымыз анамыздың ақ тілегі тұр деп есептеймін. Алда келе жатқан мереке құтты болсын! Алты алаштың анасы атанған Ақмешіттің нәзік жанды аруларды көктемнің тамаша мейрамымен құттықтаймын! «Әлемнің әсемдігі аналарда» деп жатамын. Кезінде Қайрат Жұмағалиев ақынның «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» деген бір ауыз сөзі бүгінгі аналардың болмысын ашып тұрған секілді көрінді өзіме. Сондықтан аналарымыз аман болсын, сұлулық жасасын!

**Мейірбек СУЛТАНХАН,**  
ақын, «Алтын домбыра» иегері

Ана дегенде ойыма бірден менің өмірімде ерекше орны бар абзал жаным мейірімділігі мен даналығы, қамқор көңілі мен ақ батасы түседі.

Анамын айтуынша, ақпан айында 8 айлығыма дүние есігін ашыппын. Сондықтан болар кішкентайымнан иммунитетім әлсіз, аурушаң едім. Анам менің тілеуімді тілеп, денімнің сау болуы үшін кішкентайымда-ақ бар амалды жасағанын мына бір оқиғадан байқасақ болады. Ол кезде көкжөтелге қарсы вакцина да жоқ болған-ау, нәресте кезімде біраз уақыт көкжөтелмен ауырыппын. Ешқандай дәрігерден ем болмайды. Қазір интернеттен қарап көрсем, мұның емі жоқ екен. Бала қиналып ауырып қана бірте-бірте жазылады екен. Содан медицинадан ем болмағасын, баладан айрылып қалмайық деп халық еміне көшеді. Қазақтың салты бойынша көлденең көк аттыдан аурудың емін сұрау керек екен. Біреулер таза ауада жүргізу керек дейді. Ауылдық жерде таза ауа деген дариынның жағасы. Анам мені көтеріп күнде сол маңда жүреді екен. Бірде атпен кетіп бара жатқан ақсақалды көріп, «балам көкжөтелмен ауырып жүр еді, қандай ем жасайық?» дейді. Сонда ол кісі «Көгершін деген Қызылқұм жақты мекендейтін түсі жасыл құс бар. Соның қауырсынын суға шайып бер» деген екен. Содан әкем мылтығын асынып, Қызылқұмды бетке алыпты. Көгершінді атып әкеліп, қанатын суға шайып бергеннен кейін ғана жөтелден жазылыпмын.



## Бәрі де, ана, бір өзіңнен басталған...

Жалпы үйдің кенжесі әрі еркесі болдым. Бұл әкем мен анамын жасы ұлғайып, толысқан шағы болса керек, маған мүлде дауыс көтермейтін. Өзім де тентек болмадым, кейде балалықпен бұзықтық жасап қойсам, жұмсақ түрде «енді қайталама, балам» дейтін. Ал олардың сөзі мен үшін заңмен бірдей еді, ендігіде қайталамайтынмын. Қазір ақылмыз толысты, профессорым дегенімізбен, кейде баламызға ұрсын қоямыз. Сонда әкем мен анамын маған бірде бір рет ұрыспағанын еске алып, даналығына риза боламын.

Біздің оқушы кезіміз ел тәуелсіздігін енді алған тоқсаныншы жылдарға сәйкес келді ғой. Ол кезде балалар спорттық киіммен де мектепке бара беретін. Бірақ анам үнемі шалбарымның қырын шығарып үтіктеп, ақ жейде, костюммен мектепке жіберетін. Классикалық киіммен, туфлимен жүргенімді қалайтын. «Адамның әрекеті, сөйлеген сөзі киген киіміне байланысты да өзгереді. Қарапайым киінсең, қарапайым сөйлеп, өзінді солай ұстайсың. Ал үтіктелген киім жиіресең, өзін де түзу жүруге тырысаың» дейтін.

Бастауыш сыныпта-ақ әкем мен анам қаржылық сауаттылыққа үйрете бастады. Екеуі де жалақы алғанда маған әкеп беретін. Үйде сейф бар, ақшаны соған салып, дәптерге қай күні қанша қаржы түскенін, қанша жұмсалғанын жазып отыратынымын. Азық-түлік аларда осынша қаржы керек дейтін. Ауысқан ақшаны қайтадан маған әкеп беретін. Анам бір мекемемнің бас есепшісі болды. Есепші болғасын ба, ақшаны дұрыс ұстауды сол кезден-ақ үйретті.

Ол кезде тәттілер қазіргідей емес, дүкеннің өзінде дефицит еді. Болған күннің өзінде де қымбат. Үйдің еркесі болғандықтан ба, соны арнайы алып, басқалардан жасырып, маған беретін. Менің алдыма үш жас үлкен науқас әпкем болатын. Қазір дүниеден өтіп кетті. Маған тәтті әкеп берсе, бірден әпкеммен бөлісетімін. Бұл да ата-анамның маған деген мейірімнің көрінісі еді.

## Менің анам...

Ана деген сөзден-ақ мейірімділік сезіледі маған. Мүмкін аты да Сәуде болғасын шығар...

Кітап оқу, мақала жазу, әдемі дүниелерді байқап, сурет салуды анамнан үйрендім десем болады. Ауылдық жерде тұрсақ та анам біздің оқуымызға, шығармашылық қабілетіміздің дамуына ерекше мән берді. Бір ерекшелігі анам маған үй шаруасын көп істетпейтін, далада атқарылатын жұмысты тапсырмайтын, ауырды мүлде көтертпейтін. Оның орнына «сабақ оқып болдың ба», «шаршасаң, демалып ал» дегенді көп айтатын. Біржағы қаталдығы да бар, үй жұмысын қалай орындағанымы тексеріп, өзі қабылдап алғанша ойынға жібермейтін. Келесі сабақты мұғалімнен бұрын түсіндіріп, оқытып жіберетін. Сондықтан болар сабақтан 4 деген баға алуға ұялатынмын. Отбасымызда сенбі күні үйді толықтай жинау деген бұлжымайтын тәртіп бар еді. Ол кездегі қаталдығы енді бөлек әңгіме.

Тіпті оқушы кездегі алғашқы мақалаларымды «Айгөлек» журналына анам жазып беретін. Ал мен оны тек көшіремін. Қатесін тексеріп, конвертке салып, редакцияға жолдайтын да анам. Бір-екі реттен соң мақаланы өзім жазуды үйреніп, «Айгөлек» пен «Ұлан» жас тілшісі атандым.

Бала кезде жақсы оқығаныммен, өте ұяң едім. Бірақ анам бір бет шығарма жазсам да, сенің қолыңнан келеді деп мақтайтын, жарысқа қатыссаң, түнімен дайындалдырып, киіміме дейін өзі үтіктейтін. Байқағаным, мен жетістікке жеткен сайын анамын көзі жарқырып, менен бетер қуанды. Ал мен анамды қуантуды ойлайтынмын. Мейірімге толы жүректің иесі осылайша бала кезімізден-ақ ішкі сеніміміздің қалыптасуына жұмыс істеген екен.

Анам бізбен әңгімелесу кезінде ешкім туралы жаман айтпайтын. Әрбір сынып жетекшімді мақтап отыратын. Ең сенімді адам ана болғасын, қоршаған ортаға да алғашқыда ананың көзімен қарайсың, түсіндіруім бағалайды. Содан болар мені үнемі жақсы мұғалім, достар қоршаған деп сенетінім. Бұл, әрине, жақсы ойлауына, үнемі ортамен жақсы қарым-қатынаста болуына әсер етеді.

Анам туралы көп жазуға болады. Бірақ оның маған деген махаббатын сөзбен жеткізе алмаймын. Мерекеңіз құтты болсын, анашым! Ұзақ ғұмыр тілеймін! Жүрегіңіз әрдайым қуанышқа толы болсын!

**Айдана ЖҰМАДИНОВА**



Басы 1- бетте

## ХИУАЗ ДОСПАНОВА — КӨК АСПАНДАҒЫ БАТЫР ҚЫЗ

Хиуаз Қайырқызы Доспанова (1922–2008) – Екінші дүниежүзілік соғыста неміс басқыншыларына қарсы шайқасқан жалғыз қазақ қызы, аты аңызға айналған ұшқыш. Хиуаз – әскери авиация тарихына ерлікпен із қалдырған тұлға. Ол әйгілі «Түнгі вельмалар» атанған 46-гвардиялық түнгі авиациялық полкында штурман ретінде жауға талай соққы берді. 20 жасында сұрапыл соғысқа аттанған қайсар қыз 300-ден астам жауынгерлік ұшу жасап, талай жаудың нысандарын жермен-жексен етті. Өуеде сан рет өліммен бетпе-бет келіп, 14 рет ұшағы апатқа ұшыраса да, Хиуаз әрдайым тірі қалып, ауыр жаракаттарына қарамастан қайтадан майданға оралды. Бірде 1943 жылы Кавказ аспанында қонуға бет алған қос ұшақ соқтығысып, Хиуаз қос аяғын сындырып қатты зардап шекті. Дәрігерлер оның ұшуын тоқтатпақ болса да, үш ай өткенде ол полкына қайта оралып, жауынгерлік міндетін жалғастырды. Осындай жанқиярлық ерлігі үшін жас қазақ қызына қаруластары «қанатты қыз» деген ат берді. Шынында да, Хиуаз Доспанова – халқымыздың қайсарлығы мен батырлығының символы.

Соғыс жылдарында Хиуаз Доспанова Солтүстік Кавказдан бастап Берлинге дейінгі шайқастардың бәрине қатысты. Ол Кубань, Қырым, Украина, Польша жерлерін жаудан азат ету ұрыстарына қатысып, жау техникасы мен қоймаларын жоюда орасан ерлік көрсетті. Түн қараңғылығын жамылып, бомбалаушы По-2 ұшағымен дұшпанға үрей сепкен қазақтың қызы фашистердің талай түнін ұйқысыз өткізді. Неміс солдаттары әйел ұшқыштардан қорыққандықтан, Гитлердің өзі әрбір атып түсірілген әйел экипажы үшін сарбаздарына арнайы сыйлық уәде еткен тарихтан белгілі. Алайда жау қанша әрекеттесе де, Хиуазды тоқтата алмады. Ол жеңісті Берлин түбінде қарсы алды.

Хиуаздың ерлігі сол заманда тиісті бағасына ие болмағандықтан, майдандастары мен командирлері оны жоғары бағалаған. Полктағы белгілі ұшқыш Марина Чечнева Хиуаз туралы: «Хиуаз Доспанова ұшағын нысанаға кірісіп, әзір аэродромына да сондай дәлдікпен қайтып отыратын» деп жазды. Соғыстағы батырлығы үшін Хиуаз бірнеше орден-медалмен наградталды. Қызыл Жұлдыз ордені, II дәрежелі Отан соғысы ордені, Қызыл Ту ордені, сондай-ақ «Кавказды қорғағаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарын кеудесіне тақты. Бұл марапаттар – оның қан майдандағы көзсіз ерлігінің куәсі. Кейін елге оралғанда да Хиуаз Доспанова елеусіз қалған жоқ. Бейбіт заманда халқымыз оның ерлігін ақыры мойындап, 2004 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығымен Хиуазға «Халық Қаһарманы» атағы берілді. Осылайша, қазақтың батыр қызы тәуелсіз елінің ең жоғары марапатына ие болды.

Соғыстан кейін Хиуаз Доспанова тек әскери ерлігімен емес, бейбіт өмірдегі белсенді қызметімен де танылды. Ауыр жаракаттан соң ұшуға жарамса да, ол елге оралып, қоғамдық-саяси жұмысқа кірісті. Алматыға қоныс аударып, Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінде жауапты қызметтер атқарды. Кейінірек Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланып, халық игілігі үшін шешімдер қабылдауға атсалысты. Сонымен бірге, мәдениет пен спорт саласында бірқатар игі бастаманың басы-қасында жүрді. «Абай» операсы мен «Шоқан Уәлиханов» драмасын сахналауға, Алматыдағы әйгілі Мелеу спорт кешенін салуға ұйытқы болды. Жана ғимараттар тұрғызып, мәдени шаралар ұйымдастыруда ер азаматтармен бірге нық тірестіре еңбек етіп, тың жобалардың ортасынан табылды. Хиуаз Доспанова соғыста ғана емес, соғыстан кейін де елінің өркендеуіне үлес қоса білді.

## Менің анам

Ана – әлемдегі бар сүйіспеншілікті өн бойына сыйдыра білген асыл сөз. Менің анам қандай адам? Анам жақсы көретінін көп айта бермегенімнен, оның әр ісінен балаларына деген шын ықпалы мен махаббатын сезінемін. Осы күні қалай бір адамның бойына осыншама ақыл, даналық пен көрегенділік сыйып тұр деп ойланамын. Менің анам – менің өмірлік ұстазым, үлгі тұтар ардақты адам.

Айта берсем, анама түрлі теңеуді де, мақтау-мадақты да лайық көремін. Өйткені өмірдің ашысын да, тұщысын да көріп, қиындықтарға мойымай, балаларынан бөлек бауырларына да демеу болып жүрген менің анам мен білетін ең қайсар жан.

Менің анам мен білетін адамдардың ішінде өмірді сүруді сүйетін ерекше тұлға. Қанша жыл талмай еңбек етсе де, оның өмірге деген талпынысы, арман-мақсаттары маған мотивация сыйлайды. Кейде өзім үшін емес, анамды бақытты ету үшін ғаламның бар ғажабын қолына ұстатқым келеді. Лайым, сол күнге жетуді жазсын. Алла сол тілегімді орындау үшін маған демеу берсін, ал әлемді аяғымың астына әкелген анама бар жақсыны көретін ғұмыр берсін деп тілеймін.

Осы мереке аясында, барша аналарды, әйелдер мен қыз-бейжеткендер қауымын осынау ерекше мерекемен құттықтаймын! Өмірдің сәні, отбасының тірегі бола білген әрбір нәзік жанды ару бақытты болуға лайық.

Нұршат НЫШАНОВА

# ҰЛТ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСҚАН ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ

## НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА — АҒАРТУШЫЛЫҚТЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Нәзипа Серіғбайқызы Құлжанова (1887–1934) – ХХ ғасыр басында қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист, ұстаз, аудармашы, этнограф, қоғам қайраткері. Ол Торғай қаласында ауқатты отбасында дүниеге келіп, бала кезінен білімге құштар болды. 1902 жылы Қостанайдағы қыздар гимназиясын үздік бітірген соң, ұстаздық жолын Семейдегі мұғалімдер семинариясында бастаған. Сол кезден-ақ ол ұлтының болашағы үшін күресуге бел буып, қазақ әйелдерінің білім алып, қоғамға араласуына жол ашуды өзіне мұрат етті.

Нәзипа қазақ әйелдерінің арасынан тұңғыш рет баспасөзге қалам тербеді. Ол «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» газеттерінде әйел тегіндегі, оқу-ағарту мәселелері жөнінде батыл мақалалар жариялап тұрды. Сол заманда ұлттық басылымдарда әйел құқы мен қоғамдағы орны туралы сөз қозғау оңай емес еді, бірақ Нәзипа мұны өз парызы саналы. Алаш қозғалысы жылдарында да ол белсенділік танытып, 1917 жылы Семей облыстық қазақ съезінің төралқасына мүшелікке сайланды. 1920 жылы Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы қазақ тілінде оқулық, кітап шығару және баспасөз жөніндегі комиссияда жұмыс істеп, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған жана қазақ әліпбиін енгізу ісіне атсалысты. Нәзипа Құлжанова сол арқылы қазақ жазуы мен білімінің жаңғыруына үлес қосты.

Журналист Нәзипа тек баспасөзбен шектелмей, мәдени-ағартушылық шаралардың ұйытқысы болды. 1914 жылы Абай Құнанбайұлының қайтыс болғанына он жыл толуына орай Семейде әдеби кеш ұйымдастырып, халықты ұлы ақын мұрасымен тереңірек таныстырды. 1915 жылы Петроградтағы қазақ жатақханалары мен жаралы жауынгерлерге жәрдем беру мақсатында қайырымдылық кешін өткізді. Осындай қоғамдық істері арқылы Нәзипа көптің алғысына бөленіп, сол кезеңдегі оқыған қазақ жастарының рухани жетекшісіне айналды.

Нәзипаның тағы бір қыры – аудармашылық пен этнография еді. Ол Ыбырай Алтынсариннің мұрасын насихаттап, халық ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрін зерттеу ісіне көңіл бөлді. Орыс тіліндегі бірқатар шығарманы қазақшаға тәржімалап, туған тілдің ғылыми-көпшілік стилін байытты. Сондай-ақ ұзақ жылдар педагогтік тәжірибесін жинақтап, қазақ балаларына арналған оқулықтар жазды. 1923 жылы Орынборда «Мектептен бұрынғы тәрбие», 1927 жылы Қызылордада «Ана мен бала тәрбиесі» атты әдістемелік кітаптарын шығарып, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу жөнінде тың ұсыныстар енгізді.

Нәзипа Құлжанованың ел үлкен жаңашылдығы – қазақ қызының қоғам өміріне белсене араласуына жол ашу болды. Ол өз замандастарына мақалалары арқылы үн қатып, әйел тегіндегі, білім алу құқың қорғады. Нәзипаның пайымына, ұлттың өсуі әйелдің өркендеуіне тікелей байланысты. Оның осы тұрғыдағы бір ойлы сөзі бар: «Әйел – халықтың анасы. Білімді, іскер, еркін әйел ғана өз халқын өркендеті елдердің деңгейіне көтере алады». Шынында да, Нәзипа өз үлгісімен қазақ қыздарына шамшырақ болып, оларды өнер-білімге шақырды. Бүгінде қазақ қоғамында әйелдер түрлі салада жетістікке жетсе, оның бастауында осындай алғашқы қарлығаштар тұрғаны анық.

Нәзипа Құлжанова қазақ мәдениеті мен баспасөзінің дамуына өлшеусіз еңбек сіңірді. 1922–1925 жылдары «Еңбекші қазақ» газеті редакция алқасының мүшесі, «Қызыл Қазақстан» журналының жауапты хатшысы қызметтерін атқарды. 1925–1929 жылдары «Әйел тегіндегі» журналының редакциясын басқарды. Осы басылымдар арқылы білім, денсаулық, ұлттық мәдениет туралы танымдық мақалалар жазып, халықтың көзін ашуға талмай қызмет етті. Оның тікелей араласуымен қанша қазақ қызы білім алып, әлеуметтік іске араласты. Нәзипаның ғұмыры ұзақ болған жоқ. 1934 жылы 47 жасында дүниеден озды. Бірақ қысқа өмірінде ол қараңғы заманда жарық шамшырақтай болып, халқына жол көрсетті. Бүгінде біз оны қазақтың алғашқы ағартушы әйелдері санатында құрметпен еске аламыз.



## НӘЙЛӘ БОЗАНОВА — ҒЫЛЫМНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАРЛЫҒАШЫ



Нәйлә Оразғұлқызы Бозанова (1911–1993) – қазақ әйелдері арасынан шыққан тұңғыш биология ғылымдарының докторы, профессор, академик. Ол – күллі Орта Азиядағы алғашқы әйел академик атанған ғалым, әрі Қазақстанда ауыл шаруашылығы, жануарлар физиологиясы ғылыми мектебінің негізін қалаған жаңашыл зерттеуші. Нәйлә Бозанова кеңестік дәуірдегі ғылымда зор жетістіктерге жеткен қайсар жан. Оның өмір жолы қазақ қыз-келіншектерінің ғылым-білімге бет бұруындағы жарқын үлгілердің бірі саналады. Нәйләнің әкесі Оразұл заманында ветеринар-дәрігер еді, ғылымға жақын жанұяда тәрбиеленген болашақ ғалым кішкентайынан ізденімпаз болып өседі. 1920 жылдары қазақ қыздары үшін жоғары білім алу қиын шақ болса да, Нәйлә сол тосқауылдарды бұзып шықты. Ол Алматыдағы зоотехникалық-малдәрігерлік институтқа түсіп, 1932 жылы табысты тәмамдады. Институтты бітірген соң, сонда ұстаздық қызметке қалып, ассистенттің бастаған ғылыми-педагогикалық жұмысы 15 жылда жемісін берді. 1945 жылы небәрі 34 жасында биология ғылымдарының докторы дәрежесін қорғап шықты. Бұл – сол дәуірдегі қазақ әйелдері арасындағы тұңғыш ғылым докторы атағы еді. 1946 жылы Нәйлә Бозановаға профессор ғылыми атағы берілді. Ал 1951 жылы Қазақстан Ғылым Академиясының толық мүшесі, академикі атанып, ғылыми ортада үлкен беделге ие болды. Нәйлә Бозанова Орталық Азиядағы әйелдер арасынан шыққан алғашқы профессор және академик. Оның бұл жетістігі қазақ қыздарының да ең жоғары деңгейде ғылыммен айналысуға қабілетті екенін дәлелдеді.

Ғалымның негізгі зерттеу саласы – мал физиологиясы еді. Ол ірі қара малдың ас қорыту ерекшеліктері мен буазу-торпақтың өсу физиологиясын терең зерделеп, осы бағытта жаңалықтар ашты. Нәйлә Бозанова алғашқылардың бірі болып ішек қарының мембраналық қорытылу механизмінің ғылымға енгізді. Бұрын тек микроорганизмдер арқылы жүреді делінген қорытылу процесінің күйіс қайыратын малдың ішек қабырғасында да болатынын дәлелдеді. Бұл жаңалық мал азығын тиімді пайдалануды жақсартуға жол ашты. Сонымен қатар ғалым мал азықтандырудың жана әдістерін ұсынды. Өзі жүргізген тәжірибелер нәтижесінде пропцион қышқалды ашытқы қосылған сүрлемнің малдың өніміне оң әсерін көрсетіп, оны шаруашылықтарға енгізді. Нәйлә ғалымның ғылыми жетекшілігімен ауыл шаруашылығы малдарының зат алмасу, қан айналымы, тыныс алу физиологиясы бойынша кешенді еңбектер жазылды. Ол шәкірттерімен бірге малдың ас қорыту жүйесінің жасы, азық түрі, өнімділігіне байланысты өзгерістерін зерттеп, ғылыми ұсыныстар әзірледі. 1970–80 жылдары оның зертхана-тоби мембраналық қорытылу құбылысы бойынша республиканың алдыңғы қатарлы ғылыми орталығына айналды.

Ол тек ғалым-зерттеуші ғана емес, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары басшы ретінде де танылды. 1948–1951 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының Тәжірибелік биология институтының директоры қызметін атқарды. 1951–1966 жылдары Ғылым академиясының Биология және медицина бөлімінің академик-хатшысы болды. Ал 1966–1986 жылдары өзі негізін қалаған Адам және жануарлар физиологиясы институтының директоры болып, қазақ ғылымында тұтас бір ғалымдар буынын тәрбиеледі. Академик Н.Бозанова ғылыммен қатар, мемлекет ісіне де белсене араласты. Бірнеше шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланып, елдің ғылым-білім саясатын қалыптастыруға үлес қосты. Сонымен бірге, бейбітшілікті қорғау комитетінің Қазақ бөлімшесін басқарып, аналар мен әйелдер атынан бейбіт өмірді насихаттады. Осыншама еңбегінің өтеуі ретінде мемлекет оны жоғары марапаттармен сыйлады. Нәйлә Оразғұлқызы Ленин ордені, Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет белгісі» ордендерімен наградталды. Бұл марапаттар – оның ғылыми және қоғамдық қызметінің қаншалықты маңызды болғанының айғағы.

Нәйлә Бозанова – қазақ қыздарының ғылым биігін бағындыра алатынын дәлелдеген тұлға. Оның табандылығы мен жаңашылдығы қазіргі жас зерттеушілерге үлгі.

**ТҮЙІН.**  
Нәзипа, Хиуаз және Нәйлә – үшеуі үш түрлі заманда, үш түрлі салада қызмет еткенімен, барлығын біріктіретін ортақ қасиет бар. Ол – халқының қажеті үшін өзін орнау, ұлтының намысы үшін қайсарлық таныту. Бұл жандар қиындыққа мойымай, тұңғыш жол салғандығымен құнды. Ең бастысы – бұл үш тұлғаның да мұрасы мен өнегесі қазіргі қазақ жастары үшін таусылмас қазына. Олар өз ғұмырлары арқылы қыз баланың да, жалпы кез келген жанның да, егер мақсат-мұраты айқын, ниеті түзу болса, талай бәлесті бағындыра алатынын дәлелдеді. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның қыз-жігіттері Нәзипадай оқуға, Хиуаздай Отанды сүюге, Нәйләдай ғылымға құштар болса – қазақтың көк байрағы қай салада да биікте желбірейтіні сөзсіз. Бұл майдан аруалардың өнегелі өмірі жастарға жігер мен шабыт бір уақыттық мотивация болмауы керек. Себебі құр сөзбен емес, қыз болса да іспен дәлелдеген тұлғалар.



# КРАН ТІЗГІНДЕГЕН АНА



Теміржол темірдей тәртіпті талап ететін сала. Мұнда жұмыс істеуге көп нәзік жанды арулардың жүрегі дауалай бәрмейді. Оның ішінде краншы болып жұмыс істеу қиынның қиыны. Ал біздің кейіпкеріміз 40 жылға жуық уақытын теміржол саласына арнап, кран тізгінде келе жатқан ерекше жан.

Құлпаршын Ізмаханқызы Қазалы ауданындағы «Қазалы локомотив жөндеу зауытында» жұмыс істейді. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін саланы ұршықша үйіріп жүрген әйел-ана сөздің емес, істің адамы. Өзіне жүктелген тапсырмаға тиянақты һәм жауапты.

Тірлігі қайнаған үлкен цехқа таңда кіріп, кеш шығатын Құлбаршын өз жұмысына ұқыпты. Артық сөз, бос тірлікке уақыт жоқ. Мұнысына әріптестері де дән риза. Кейіпкерімізді ашық әңгімеге тартты, өзі туралы сұрап-білдік.

– 1968 жылы 8 шілдеде дүниеге келдім. Анам Дариха Арыстанбекова да локомотив жөндеу депосында жұмыс жасады. Ол 28 жасында жесір қалып, бес баланы оқытып, жеткізді. Жастайымыздан еңбекке жақын етіп өсірді. Адал ас тауып жеуді, біреудің ала жібін аттамауды үнемі құлағымызға құйып отыратын. Қазір марқұм болып кетті. Сол кісінің тәлімі тәрбиесімен алға жылжып келемін. Қазір тепловоз жөндеу зауытында кран жүргізушісімін. Қиындығы да жоқ емес. Дегенмен талай жылдан бері бұл саланың ыстығы мен суығына

қанық болып қалдым, – дейді краншы.

Құлпаршын Ізмаханқызы Қазалы ауданының техникалық мектебін бітіріп, 1986 жылдың наурыз айынан бастап жұмысқа қабылданған. Содан бері қырық жылға жуық уақыт теміржол саласында тер төгіп келеді. Жолдасы Орысбай Жаманов ТД-23 депосында тепловоз жүргізушісі болып еңбек етіп, бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отыр. Отбасында төрт қыз, бір ұл өсіп-өнді.

Орысбай Жолдасұлы мен Құлпаршын Ізмаханқызы алты немеренің сүйікті атасы мен әжесі. Ұлдары Дәурен де әке-шеше жолын қуып, теміржол саласын таңдаған. Ол ТД-23 мекемесінде машинист көмекшісі.

Білімі мен тәжірибесін толыстырған краншы алғаш жұмысқа кіріскен жылдары көптеген аға-апасының ақыл-көнесін тыңдап, көрген-білгенін көкейіне түйіп өскендігі айтады. 18 жастағы бойжеткеннің табандылығы мен жауапкершілігін байқаған басшылық та, түрлі тапсырмалар беріп, шындай түскен.

– Ол уақыттарда бұл менің қолымнан келмейді деген сөзді айтпайтынбыз. Қандай жұмысқа үйретсе де қағып алуға тырысатынмын. Мен үлгі тұтар жандар жетерлік. Жұмысқа қабылдаған Әмірхан Әмірзақов деген кісінің жұмыстың қыр-сырын үйреткен Гүлзипа апайымның еңбегі зор болды. Бөліп-жармай бәрине алғыс айтамын. Күнделікті танертен жұмысқа келген сәтте қанды жан-жақты тексереміз. Ешқандай ақаусыз жұмысқа кірісеміз. Үйіреніп кеткендіктен болар, маған кран айдаудың еш қиындығы жоқ. Ең бастысы жауапкершілік, ұқыптылық, қырағылық қажет, – деді ол.

Расында әйел заты үшін теміржол саласында жұмыс істеу үлкен қайырлықты талап етеді. Сондықтан темірдей тәртіпке бас иіп, ер азаматтармен нық тіреспіп, қажырлы еңбек етіп жүрген Құлпаршын Ізмаханқызы қандай да болсын құрметке лайық, кейінгі буынға үлгі жан.

Нұр БАҚЫТ

# КӨШЕ КӨРКІН КЕЛТІРГЕН

Қала тазалығы – шаһардың көркі. Бұл салада еңбек етіп жүрген жандардың еңбегі зор. Олар күннің ыстығы мен суығына қарамастан, қала тұрғындарының жайлы өмірі сүруі үшін тынымсыз жұмыс істейді. Шаһардың тазалығын сақтауда еңбек етіп жүрген жұмысшы әйелдердің бірі – Рая Қарамырзаева. Ол 11 жылдан бері «Қызылорда тазалығы» мекемесінде жұмыс істейді. Мереке қарсаңында Рая Пайысханқызымен әңгімелесіп, еңбектің қадірі мен жұмысшы әйелдерге деген қолдау туралы ойын білдік.

– Мен Қызылорда облысы, Қармакшы ауданында дүниеге келдім. 1995 жылы тұрмысқа шықтым. Жастайымнан еңбекке араластым, 10 жыл күріш зауытында жұмыс істедім. Кейіннен «Қызылорда тазалығы» мекемесіне келіп, осы салада 11 жылдан бері еңбек етіп келемін, – деп әңгімесін бастады кейіпкеріміз.

Қала тазалығын сақтау – оңай іс емес. Көпшілік жұмысшылардың еңбегін сырттай ғана бағалағанымен, олардың қандай қиындықтарға тап болатынын біле бәрмейді. Әңгіме кезінде жұмыс барысы туралы сұрадық.

– Бұл жұмыстың қызығы да, шыжығы да қатар жүреді. Қыста аязға, жазда аптапқа қарамай, қаланың тазалығы үшін еңбек етеміз. Күніне 8 сағат жұмыстамыз. Бірақ еңбегіміз бағаланып, сый-құрмет көрсетіп жатқаны қуантады. Жалақымыз тұрақты, жұмыстың өз реті бар, – деді ол.

Тазалық саласында еңбек етіп жүрген

жұмысшылардың басым бөлігі – әйелдер. Олардың жауапкершілігінде отбасы, бала тәрбиесі бар.

– Жұмыс пен отбасын қатар алып жүру маған қиын емес. Себебі үйдегі жанұям – менің ең үлкен қолдауым. Үш балам, екі жиен немерем бар. Жұмыстан кейін үйге асығамын, бәрине уақыт табуға тырысамын, – деп бөлісті.

Десе де, жұмысшы әйелдерге көрсетілер әлеуметтік көмек көбінесе деген тілегін білдірді.

– Біздің жұмысымыз ауыр, сондықтан бейнетте жұмыс істейтін азаматтарымыз 55 жастан зейнетке шығарса деген тілегім бар. Жалпы, осы салада еңбек етіп жүрген адамдар көбірек ескеріледі екен, – деді ол.

Халықаралық әйелдер күні – көктемнің шырайлы мейрамы. Әр әйел отбасының тірегі, қоғамның ажырамас бөлігі. Сондықтан мереке қарсаңында оқырмандарға жылы лебізін білдірді.

– Халықаралық 8 наурыз әйелдер мерекесі – бала күнімізден бері асыға күтетін ең жақсы мейрам.

Биыл қасиетті Рамазан айымен тұспа-тұс келіп отыр. Аналар мен қыз-келіншектерге денсаулық, отбасының амандығын, ана бақытын тілеймін! – деп қорытындылады.

Қала тазалығы – күн сайын көзге көрінбейтін, бірақ аса маңызды еңбек. Жұмысшылардың қажырлы еңбегінің арқасында біз таза көшелермен жүріп, жайлы ортада өмір сүріп келеміз. Олардың маңдай тері мен төзімі елеусіз қалмауы керек. Қоғам еңбектің кез келген түрін бағалап, жұмысшы мамандық иелеріне лайықты құрмет көрсеткенде ғана дамиды. Еңбек адамының мәртебесін көтеру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Әлия ТӘЖІБАЙ



# ТЕМІРДЕН ТҮЙІН ТҮЙГЕН НӘЗІК ЖАН

Қоғамда ер адамдарға төн деп саналатын кәсіптерді игерген әйелдер аз емес. Солардың бірі – темірді балқытып, от пен металдың тілін түсінген нағыз еңбек адамы, дәнекерлеуші Ниякүл Дәулетбаева. 40 жылдан астам уақыт осы салада тынымсыз еңбек еткен ол өз ісінің шебері ғана емес, кейінгі ұрпаққа үлгі болар тұлға. Темірмен тілдесіп, болат балқытқан нәзік жанды әйелдің тағдыры – нағыз еңбек адамының өмірінен сыр шертетін ерекше оқиға.

Бақыт Мәтенов есімді оқытушы «Дәнекерлеуші» мамандығы туралы айтып, оны оқуға түсуіне себепкер болған. Бұл ұсыныс кейіпкеріміздің көңілінен шықты. Ата-анасы мен мұғалімдері қыз балаға дәнекерлеуші мамандығы лайықты емес деп ойлап, райынан қайтаруға тырысқанымен, ол жүрек қалауымен шешім қабылдап, Кәсіптік техникалық училищеге (ПТТУ-113) оқуға түсті.

– Бұл мамандықты таңдауыма мектепте нашар оқығаным себеп болған жоқ. Керісінше, өзімді осы саладан көрдім. Бала күнінен техникаға қызығушылығым ерекше еді, – деп еске алады кейіпкеріміз.

Оқуын үздік тәмамдаған соң, білімін жетілдіру мақсатында Қарағанды қаласына барып, «Дәнекерлеу өндірісінің технологиясы» мамандығы бойынша оқуды жалғастырды. Бұл оған кәсіби тұрғыда шыңдалып, өз ісінің нағыз маманы болуға мүмкіндік берді.

1986 жылы туған жеріне қайта оралып, өзі білім алған училищеле өндірістік оқу шебері болып жұмысқа орналасты. Бұл оның еңбек жолындағы маңызды кезеңдердің бірі болды. Өйткені ол тек дәнекерлеуші болып қана қоймай, кейінгі жастарға білім беріп, өзінің тәжірибесімен бөлісуге мүмкіндік алды.

Дәнекерлеу – тек шеберлікті ғана емес, үлкен жауапкершілікті талап ететін мамандық. Бұл салада қателікке жол жоқ, өйткені әрбір дәнекерлеу жұмысы құрылымының беріктігі мен қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Сондықтан Ниякүл Нәбиқызы бұл мамандықтың қаншалықты маңызды екенін әрдайым айтып, шәкірттеріне тәртіп пен қырағылықты маңыздылығын түсіндіреді.

– Медицина мен дәнекерлеуші мамандығын сырттай оқып алуға

болмайды. Бұл – практиканы қажет ететін күрделі сала. Көзбен көріп, қолмен жасап, барлық қыр-сырын меңгеру керек, – дейді ол.

Ол еңбек еткен жылдары көптеген шәкірт тәрбиелеп, олардың кәсіби маман атануына ықпал етті. Бүгінде көптеген жас маман оның үйреткен білімі мен тәжірибесінің арқасында өндіріс орындарында табысты еңбек етіп жүр.

40 жыл бойы үздіксіз еңбек етіп, өз ісіне адалдық танытқан Ниякүл Дәулетбаева бүгінде құрметте де тәжірибелі ұстаз. Ол өз ісінің шебері ғана емес, сонымен қатар, әйел адамның кез келген салада табысқа жетуге қабілетті екенін дәлелдей білген жандардың бірі.

– Бұл мамандықтың денсаулыққа зиян екенін айтып жатпаса да түсінікті шығар. Түрлі ультрасәуле мен тоқтың күші не дегенмен әсер етпей қоймайды. Қауіпсіздік ережесін сақтау маңызды. Дегенмен осыншама қауіпті біле тұра, өз мамандығыңды сүйетін болсаң, жұмысың нәтижелі болатыны анық, – дейді кейіпкеріміз.

Еңбек нарығында білікті дәнекерлеушілерге сұраныс жоғары.

Кейіпкеріміз бүгінде Исатай Әбдіқармов атындағы техникалық жоғары колледжде шәкірт тәрбиелеп, ынтылы жастардың көптігін алға тартты. Айтуынша, қазір жұмысшы мамандықтарына деген сұраныс жоғары.

«Еңбек – бәрін жеңбек» деген ұстанымды өмірлік қағидасына айналдырған Ниякүл Дәулетбаева – болашақ мамандар үшін қайталанбас үлгі, өз мамандығын еңбегі – адалдық пен табандылықты айқын көрінісі десе, жаңылмаймыз.

Нұршат НЫШАНОВА

# КҮРІШ ӨНДЕУ САЛАСЫНА 40 ЖЫЛЫН АРНАҒАН

Бүгінде елімізде ауыл шаруашылығы мен азық-түлік өндірісі қарқынды дамып келеді. Осы салада еңбегі сіңген білікті мамандардың бірі – Сәуле Сағатқызы. 40 жылдық тәжірибесі бар білікті маман бізге ауырталығы мол осынау салаға қалай келгені, өз саласының қызығы мен қиындығы, сондай-ақ жетістіктері жайлы баяндап берді.

– Күріш салысын өңдеу процесі 9 кезеңнен: тазалау, өлшеу, қабығын аршу, шыққан кебекті турап, қаптау, аршылған күрішті ағарту, електен өткізу, түс айырғыштан өткізу, дайын өнімді өлшеп қаптау. Міне осындай кезеңдерден тұрады. Жылына 18 000 тонна күріш өңдейміз. Бұл – үлкен жауапкершілікті талап ететін жұмыс, – дейді Сәуле Шақенова.

Кейіпкеріміз 1982 жылы мектепті тәмамдаған соң, Алматы политехникумына оқуға түсіп, «Астықты қайта өңдеу және өнімдерді сақтау» мамандығын меңгерген. Оқу барысында Семей, Алматы, Қызылорда қалаларындағы өндірістік кәсіпорындарда тәжірибе жинақтаған ол 1985 жылы үздік нәтижемен оқуын аяқтап, Қызылорда астық өнімдері комбинатында еңбек жолын бастайды. Аталған жұмыс орнында зертханашы маман күріштің сапасын тексеріп, оның сақталуын қадағалаумен шұғылданған. Кейін құрама жем зауытында жұмыс істеп, азықтық қоспалардың химиялық құрамын зерттеумен айналысады.

1999 жылы Кеңес өкіметі тарағаннан кейін көптеген кәсіпорын жабылып, комбинаттың да жұмысы тоқтады. Бірақ ол күріш өндірісінен алыстамай, 2000 жылы

елімізде үшінші болып салынған, соңғы үлгідегі құрылыстарымен жабдықталған жана зауытқа жұмысқа орналасады. 2010 жылы арнайы шақыртумен «Абзал и К» компаниясына ауысып, тәжірибесін шыңдайды. Бүгінде Сәуле Сағатқызы «Абай Дәулет» ЖШС күріш ақтау зауытында зертхана жетекшісі болып қызмет атқарады.

– Міне 40 жылдай болды осы дәннің ортасында жүргеніме. Қолға күрішті ұстаған сәтте-ақ оның жағдайы жағдайы қай денгейде екенін, қандай сұрыпқа жататынын, сапасын бірден аңғарамын. Аршылмаған күріштің де қызыл дөңдерін сыртынан байқаймын. Бұл – жылдар бойы жиналған тәжірибенің жемісі, – дейді кейіпкеріміз.

Ол өндірістің барлық кезеңін жетік меңгеріп қана қоймай, өзінің білімі мен тәжірибесі жастарға үйретуден жалықпайтын жан. Оқу орындарынан өндірістік тәжірибеге келген студенттерге бағыт-бағдар көрсетіп, білгенін үйретуге әрдайым дайын.

Қарбалас жұмыс кестесіне қарамастан, отбасы мен жеке өміріне де уақыт табады. Бүгінде бір ұл, бір қыз тәрбиелеп өсіріп, тоғыз немере сүйіп отырған аяулы

әже балаларының қасында болып, оларға көңіл бөлу – ең сүйікті ісім дейді. Сондай-ақ тігін тігіп, түрлі тағамдар дайындағанды ұнатады.

– Бұл күріш ақтау зауыты ауысымдық жүйемен жұмыс істейді. Түнгі, күндізгі ауысымдар бар. Кейде 12 сағатқа созылады. Әсіресе күріш қабылдау уақытында көп аса ауыр шаруалар жүріп жатады. Ара-тұра іссапарға шығамыз. Басқа аудан, өңірлерде күріш қабылдау жұмыстары барысында қиындықтар болады. Бірақ үйде енем болды. Сол кісі балаларыма қарасып, жас кезімізде осылай жұмыс істедік. Алғаға шүкір бір ұл, бір қызым бар. Бүгінде өсіп-өніп, әрқайсы үйлі-баранды жандар. Ұлдан бес немере, қыздан төрт немерем бар, – дейді Сәуле Шақенова.

40 жыл бойы ауыл шаруашылығы мен азық-түлік өндірісі саласында табанды еңбек етіп келе жатқан маман Сәуле Сағатқызы – өз ісінің шебері. Оның кәсібіне деген адалдығы, тәжірибесі мен білімі күріш өндірісінің сапасын арттыруға үлкен үлес қосып келеді.



Жастарға да тәлімгерлік етіп, тәжірибесімен бөлісуден жалықпайтын маманның еңбегі – ел игілігіне қызмет етудің жарқын үлгісі.

Аружан ОРАЛБАЙ



## БАТАМЕНЕН ЕЛ КӨГЕРЕР

Қызылорда қалалық орталық «Нұр» мешітінде ақсақалдар арасында «Батаменен ел көгерер» атты облыстық бата беру сайысы өтті. Оған аталған жарыстың аудандық және қалалық іріктеу кезеңінің жеңімпазы атанған 10 батагөй қария қатысып, өзара сынға түсті.

Байқауға Қызылорда облысының бас имамы Дастан Құрманбаев арнайы қатысып, барлық қатысушыларға өз алғысын білдірді.

– Бата – дана халқымыздың ғасырлар бойы сақтап келе жатқан айрықша дәстүрлерінің бірі. «Жаңбырменен жер көгерер, батаменен ел көгерер», «Қарғыс алма, алғыс ал», «Ақсақалдан бата алған, Құдайдың рақметіне жолығар» деген бабаларымыз батаның адам өміріндегі ерекше орнын кейінгі ұрпаққа дәріптеп, ұғындырып отырған. Оның маңыздылығын Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерінен де көреміз. Мысалы, Әнәс сахабаны (р.а.) анасы жас кезінде Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) алып келіп, оған ұлының қызмет жасауын қалап, бата сұраған. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Уа, Алла, оның малына, өміріне, береке бер», деп бата жасайды. Сол батаның шарапатынан Әнәс сахаба өте дәулетті және ұрпағы көп болып, ұзақ өмір сүрген. Бұл дәстүр біздің халқымызда да бар. Кезінде ата-әжелеріміз кішкентай немерелерін жетектеп жүріп, ауызы дуалы, көңілі көрген қариялардан бата сұраған. Біз Зере әжемдіздің Құнанбайды Кенгірбай биге апарып бата сұрағандығын, Төле бидің Жетес биден, Әнет бабадан, Әйтеке бидің Қосуақ биден бата алғандығын жақсы білеміз. Ал асыл дінімізде батаны «дұға» деп атайтыны баршаға аян. Алла Тағала мен құлның арасындағы байланыс дұға арқылы орнайды. Дұға – мұсылманның қаруы, ғибадаттың негізі, діниң тірегі. Бата беру – дұға ету деген сөз. «Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас» деген сөздің өзі қазақтың дүние танымында оның тәрбиелік маңызы зор екендігін көрсетеді. Игі дәстүрімізді ардақтап, бата беру дәстүрін жаңғыртып келе жатқан бүгінгі ақсақалдарымызға Алланың нұры жаусын, – деді Дастан Жанасұлы.

Байқау екі кезеңнен тұрды. Ақсақалдар бірінші кезекте қазақтың салт-дәстүрлеріне байланысты сұрақтарға жауап берсе, екінші кезеңде бата беруден жүйрікті анықтады. Онда алдымен би-шешендердің, танымал тұлғалардың батасын айтуға тиіс болса, екіншісінде өздері шығарған батаны беру шарты қойылды. Бата сайысына қоғам қайраткері, «Айтыстың ақтангері» атанған ақын Серік Ыдырысов пен Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Ақпарат саласының үздігі Нұрсұлтан Мықтыбай қазылық етіп, бата беру барысында қариялардың сөз саптауы, батаның мағынасы, ұйқасы, жатқа айтуы, киім үлгісі мен сұрақтарға толық жауап беруіне баса мән берді.

Ерекше ата өтерлігі, байқауға қатысушылардың ең үлкені 90 жаста болды. Сайыс қорытындысымен жалағаштық Берікбай Айназаров жеңімпаз атанса, қалған екінші, үшінші орындарға қазылық Қадірбек Бекет, қызылордалық қос қария Серіалхан Ахметұлы мен Оразбай Жәкешов лайықты деп танылды. Жеңімпаздар мен барлық қатысушыларға арнайы дипломдар, қаржылай сыйлықтар табысталды.

Айта кетейік, аталған байқау Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 35 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылды. Жеңімпаз атанған Берікбай Айназаров алдағы уақытта Астана қаласында өтетін «Ақсақалдар арасындағы II республикалық бата беру байқауында» облыс намысын қорғайтын болады.

### ҚМДБ-ның Қызылорда бойынша баспасөз қызметі

Дегенмен асыл дінімізде зекеттің де, уақыптың да мәртебесі жоғары екенін ұмытпай, жағдайымызға қарай, Алла тарапынан берілген мүмкіндікті пайдаланып, мұқтаж жандарға барынша көмек беруіміз қажет. Ақиқатында, барлық дүние Алла Тағалаға тиесілі екенін ұмытпайық.

Онталап ЖИДЕБАЕВ,

«Зекет және қайырымдылық» қорының Қызылорда облысындағы өкілі

## ОБА – ҚАУІПТІ ДЕРТ

Оба – ауыр симптомдармен, соның ішінде интоксикация, дене қызуының көтерілуі, лимфа түйіндері мен өкпенің зақымдануы және сепсис арқылы жануарлардан адамға жұғатын аса қауіпті жұқпалы ауру.

Оба ошақтары барлық континенттерде анықталған. Ең тұрақты және белсенді табиғи ошақтар Африка мен Азияда орналасқан. Біздің еліміздің аумағында обаның табиғи ошақтары шамамен 40% болса, бұл 1 миллион шаршы шақырымнан астамды құрайды (Батыс және Оңтүстік Қазақстан облыстарында кездеседі).

Көбіне ауруды тасымалдаушы бүргелер мен кенелер болып табылады. Олар қоздырғышты кеміргіштерге, мысықтарға және иттерге таратады және өз кезегінде адам мекеніне жұқтырған бүргелерді тасымалдай алады. Суыр, сарышұнақ, тышқан, егеуқұйрық, дала иттері, аламан мен қоян секілді жануарлар да ең маңызды тасымалдаушы болып танылады.

Адам обаны бірнеше жолмен жұқтыруы мүмкін: жұқтырған бүргелердің шағуы арқылы, ауру малдың қанымен, етімен және терісімен жанас-

қанда, жеткілікті түрде мұқият пісірілмеген ауру етін тұтғыну арқылы.

Ауру кенеттен басталады. Дене қызуы көтеріледі, ауыр интоксикация күшейеді, бұлшықет ауыруы пайда болады, сана бұзылады, лимфа түйіндерінің қабынуы «бубон» пайда болуымен бірге жүреді.

Обаның алдын алу үшін келесі шараларды қабылдау қажет:

- жеке бас гигиенасы;
- жоғары сапалы термиялық өңделген тағамдарды жеу;
- тұрғын және жұмыс үй-жайларын таза ұстау – үй-жайларды қоқыстан тез арада тазарту;
- Егер сіз обаға күдіктенсеңіз, дереу медициналық көмегке хабарласуыңыз қажет.

М.В.ШКУНОВА,

Көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің Қызылорда қаласының санитариялық-карантиндік бақылау бөлімінің бас маманы

Мұсылмандық парызың әрі құлшылықтың бір түрі – ол Зекет. Алла разылығы үшін байлығының бір бөлігін жылына бір рет Құранда көрсетілген қоғамның осал топтағы адамдардың пайдасына беріледі. Бұл асыл дінімізде «зекет» деп атайды. Жалпы «Зекет» ұғымы сөздік тұрғыдан «тазару», «өсу», «өну», «арту» және «берекесі» деген мағыналарды қамтиды. Зекет – бұл күнделікті садака немесе қайырымдылық емес, Ислам дініндегі негізгі парыздардың бірі. Зекет адам баласының күнделікті өмір деп айдаланатын мүлкінен – тұратын үйінен, мінетін көлігінен, киімінен және тағы басқа дүниесінен төленбейді. Зекетті бір жыл бойы алтын, күміс, ақшалай түрде жинаққа ие, меншігінде малы, немесе сатуға арналған тауары бар және тағы сол сияқты адамдар төлеуі керек. Бұл өз кезегінде зекет берушінің ризық-несібесінің артып, дүниесіне береке кіруіне кепіл амал. Шарият бойынша әлеуметтік жағдайы төмен адамдар материалдық көмек сұрауға міндетті емес, себебі, олардың зекет алуға заңды құқығы бар. Ал дәулетті адамдар өздеріне тиесілі мал-мүлктің бір бөлігін бере отырып, мойнындағы міндеттерін орындайды.



Қызылорда облысында азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және заңгерлік қолдау көрсету мақсатында кезекті тақырыптық қабылдау өтті. Бұл іс-шара «Аманат» партиясының облыстық филиалы мен Қызылорда облысының жеке сот орындаушылар өңірлік палатасының бірлесіп ұйымдастыруымен жүзеге асты.

## ЗЕКЕТ ПЕН УАҚЫПТЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

### «Уақып» ұғымы

Исламда қайырымдылық атаулының ең құрметтісі – «уақып» болып танылады. Тілдiк тұрғыда «уақып» сөзi «ұстау», «тоқтату», «кедергі болу» деген мағыналарды бiлдiредi. Шариятымызда белгiлi бiр мүлiктi (жарамсыз болып қалғанға дейiн) үздiксiз қайырымдылық жолында пайдалануды уақып деп атаймыз.

Уақып мәселесiнде ислам шарияты заң жағынан жан-жақты зерттелiп, қалыпқа түскендiгiмен ерекшеленедi. Уақыптың көптеген мақсаты мен түрi бар және ол қоғамда атқаратын рөлiмен ерекшеленедi. Уақыптың тағы бiр түрi – арнайы немесе ұрпаққа арналған уақып. Арнайы немесе ұрпаққа арналған уақып дегенiмiз – ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедтiң (оған Алланың салауаты мен сәлемi болсын) дәуiрiнде, сахабалардың кезiнде уақыптың өзi тудырған уақып. Уақыптың бұл түрi әуелi адамның өз ұрпағына, содан кейiн жалпы халықтың игiлiгiне жұмсалады. Мысалы, бiр адамның екi дүкенi болуы мүмкiн. Ол бiреуiн ұрпақтарына қалдырып: «Осыдан түскен табысты екiге бөлiңдер де, жартысын қайырымдылыққа жұмсап, жартысын өздерiң пайдаланасындар» дейдi. Бұл сауапта адам ұрпақтың да, жалпы халықтың да қамын жеудi көздейдi. Шариятымызда мұндай уақыптың түрiн «муштарак уақыф» (ортақ уақып) деп атайды.

Шарият уақыпты мақсатына қарай үш түрге бөлiп қарастырады:

Дiни уақып – қаражатты, мал-мүлiктi құлшылық мақсаттарына арнап бөлудi айтады. Мешiт салу, оның iшiндегi төсенiштер мен кiлемдер, медресе, оның жылжымайтын мүлкi мен жиһаздарына жәрдемдесу сияқты iстер осыған мысал. Қайырымдылық уақып – жылжымайтын мүлiк пен қаражатты әр түрлi қайырымдылық iстерге арнау.

Ұрпаққа арналған уақып – Ислам дiнiмен бiрге келген, ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың игiлiгi мен сәлемi болсын) сахабалары кезiнен бастау алып, кейiнгi ұрпақ үшiн қолдануға қалдырылған мүлiктер жатады.

Бiрде сахаба Омар ибн Хаттаб (оған Алла разы болсын) Хайбар жорығында бiр жердi меншiгiне алады. Бiр күнi Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемi болсын) келiп: «Уа, Алланың елшiсi, мен Хайбар соғысында бiр жердi меншiгiме алдым және ондай байлыққа бұған дейiн қол жеткiзбедiм. Бұл жерге қатысты маған қандай әмiр бересiз?» – деп сұрайды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемi болсын): «Егер қаласаң, ол жердi уақып ет те, одан түскен пайданы садақа қылып отыр», – дейдi. Бұл – Исламдағы ең алғашқы уақып.

Сахаба Османның (оған Алла разы болсын) яхудиен сатып алған құлдығын Мәдина қаласының тұрғындары әлi күнге дейiн пайдаланып келедi. Ол жерде халифаның құрма бағы да бар. Одан түскен қаражат сол заманнан берi пайғамбар мешiтiнiң жеттiлiгiне жұмсалып келедi. Өз уағында Құнанбайқажы Қарқаралыда мешiт салып, Меккеге қажылық жасауға барған қасиеттi сапарында киелi шаһардан үй тұрғызып, уақып жасады. Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының қалалық советтен берген өзiне тиесiлi үйдi соғыстан ұлы қайтыс болған кейуанаға беруi (уақып жасауы) ұрпаққа мәнгi өнеге болып қалды.

Зекеттiң уақыптан айырмашылығы:

- Бiрiншiден, зекет – парыз амал болса, уақып – сүннет амал;
- Екiншiден, зекет үшiн нисап мөлшерi маңызды болса, уақып үшiн нисап мөлшерiнiң болуы қажет емес;
- Үшiншiден, зекет жылына бiр рет берiлсе, уақып үшiн белгiлi бiр мерзiм жоқ;
- Төртiншiден, зекет үшiн арнайы адамдар тобы қарастырылса, уақып мәселесiнде ондай жоқ;
- Бесiншiден, зекет ақшасын айналымға салуға болмайды, ал уақыпта қаржыны айналымға салуға болады.

Зекет сөзi, Құран Кәрiмнiң 30 жерiнде намаз бен бiрге айтылуы, зекет берудiң ерекше ғибадат, мәнi мен маңызының зор екендiгiн бiлдiредi. Сондықтан әрбiр мұсылманның зекетке қатысты мағлұматтарды бiлiп, үйренiп, амалға асыруы мiндеттi. Құран Кәрiмде: «Ей, адамзат! Барлықтарың Аллаға мұқтажсындар. Ал,

Алла (барлық нәрседен) мұстағни (яғни ешбiр нәрсеге мұқтаж емес) және мақтауға өте лайық» (Фатыр сүресi, 15-аят). Осы аяттың тәпсiрi бойынша, дүние-мүлiк бiр адамға немесе мемлекетке тиiстi емес, тек қана Аллаға тиiстi. Оны өзiмдiкi деп меншiктенiп алғандарға Алла Тағала былай айтқан: «...Алтын мен күмiстi жиып алып, оларды Алла жолында жұмсасағандар бар ғой, мiне, соларды күйзелтушi азаппен сүйiншiле!» (Тәубесүресi, 34-аят). «(Дүние-мүлiктер) тозақ отында қыздырылады да, сонымен олардың маңдайлары, қабырғалары және арқалары таңбаланатын күн (оларға былай айтылады): «Мiне, осы өздерiң үшiн жинаған байлықтарың. Ал ендi жинап жатқандарыңның дәмiн (азабын) татыңдар!» (Тәубе сүресi, 35-аят).

Дегенмен асыл дiнiмiзде зекеттiң де, уақыптың да мәртебесi жоғары екенiн ұмытпай, жағдайымызға қарай, Алла тарапынан берiлген мүмкiндiктi пайдаланып, мұқтаж жандарға барынша көмек беруiмiз қажет. Ақиқатында, барлық дүние Алла Тағалаға тиесiлi екенiн ұмытпайық.



## ТҰРҒЫНДАРҒА ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

Қабылдау барысында жеке сот орындаушылар палатасының мамандары алимент санатындағы атқарушылық іс жүргізу құжаттарына байланысты түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, тұрғындарға заңнамалық кеңестер берді.

– Алимент өндіру – өте өзекті мәселе. Көп жағдайда ата-аналар алиментті уақытында төлемейді немесе төлеуден жалтарады. Осындай кездесулерде біз азаматтарға өз құқықтарын түсіндіріп, оларды заң аясында қорғау жолдарын көрсетеміз, – дейді Қызылорда облысының жеке сот орындаушылар өңірлік палатасы басшысының орынбасары Расул Серікұлы.

«Құқықтық көмек» жобасы аясында заңгерлер, адвокаттар, медиаторлар мен басқа да мамандар тұрақты түрде тұрғындарға кеңес береді. Ал жобаның мақсаты – азаматтардың құқықтық әлеуетін арттыру, тегін заңгерлік кеңестер беру, сондай-ақ мүгедектер санатына жататын адамдарға заңгерлік сүйемелдеу көрсету. Мәселен, өткен жылы осы жоба аясында 123 қабылдау ұйымдастырылып, 363 мәселе қаралған. Оның ішінде 51 азаматқа заңгерлік кеңес беріліп, 37 тұрғынға құқықтық сүйемелдеу жүргізілген.

Қабылдау барысында әртүрлі сала маманы заңнамаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы кеңінен түсінік беріп, ондағы жаңа талаптар мен азаматтарға берілетін жеңілдіктер жайлы ақпарат ұсынды. Аталған іс-шарада жеке сот орындаушылар өңірлік палатасының өкілдері алимент өндіруге қатысты іс жүргізу тәртібін жан-жақты түсіндіруге бағытталған кеңес жүргізді. Әрі ол жұртшылық үшін пайдалы саналды.

– Мен алимент өндіріп алу бойынша бірнеше сұрақпен келдім. Сот орындаушылардан өзіме қажетті кеңестер алдым. Осындай қабылдаулар жиі ұйымдастырылса, көптеген адам өз мәселесін шешуге мүмкіндік алар еді. Байқағаным, жиында келушілер қатары көп болды. Ел-жұртқа орынды кеңес берілді. Өз басым жұмысымды жеңілдетіп берген сала мамандарына алғысымды білдіремін. Ұйымдастырушыларға да алғыс айтамын, – дейді құқықтық көмек алушы.

Қазіргі таңда облыс аумағында 72 жеке сот орындаушы қызмет атқарады. Алимент өндіру мәселесін жандандыру мақсатында өңірлік палата жанынан арнайы «Алимент кеңесі» ашылып, бұл бағытта жеті жеке сот орындаушы жұмыс істеп жатыр. Бұл өз кезегінде тұрғындардың лайықты кеңес алуы үшін жасалған. Жоба өз жемісін беруде деп сеніммен айтуға болады.



«АЖ» ақпарат

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Қызылорда облысында су тапшылығы жағдайында мал азықтық дақылдары мен ағаш екпелерін суару үшін сарқынды суларды қауіпсіз утилизациялау технологиясын әзірлеу» жобасы аясында оқыту семинары өтті.

## БІЛІКТІ МАМАНДАР ТӘЖІРИБЕСІМЕН БӨЛІСТІ

Жиынға облыстағы су шаруашылығы саласындағы білікті мамандар қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Семинарда «Су ресурстарын тиімді пайдалануда кешенді технологиялар жиынтығын қолдану мүмкіншіліктері», «Күрші қабығын термиялық өңдеу арқылы белсендірілген көмірді алу және көріз ағындарын тазарту үшін қолдану», «Жанартылатын

энергия көздерін ауылшаруашылығында қолдану технологиялары» және «Ауыл шаруашылығындағы ұшқышсыз ұшу аппараттары» тақырыбында баяндамалар жасалды.

Айта кетейік, іс-шара «Таза Қазақстан» жобасын ілгерілету мақсатында ұйымдастырылды. Жоба аясында ұсынылған технологиялар мен тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері су ресурстарын тиімді пайдалану, экологиялық қауіпсіздікті сақтау және ауылшаруашылығында жаңартылатын энергия көздерін қолдану бойынша жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл тек облыс үшін ғана емес, жалпы Қазақстанның экологиялық және ауылшаруашылығы салалары үшін үлкен маңызға ие.

«АЖ» ақпарат



Индира ТАЙШМАНОВА:

# ЕҢБЕК ЕТКЕН ЖАН ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Басы 1-бетте

*Құрғыш қайрат құрылыста шынығар,  
Ісін сүйген істей жүріп тынығар.  
Халық мақалы*

Сол жылдары жақсы тігінші, нағыз шеберлер ұлты кәріс әпкелеріміз болатын. Олар үгіктеуге жұмыс тапсырғысы келмейді, бірақ асығыс болса ара-тұра өтініш айтады. Сол сәтті пайдаланып, жаттап, сызып алып жүретінмін. Бір жарым айдан кейін маған алғыс айтып, матадан артылған қалдықтарын беретін болды. Кеш батып, бәрі үйіне қайтқан уақытта төтем ертеңгі тапсырыстарын пішеді, мен әлгі киынды маталардан маз болып өзіме белдемше тіге бастадым. Мектепте оқып жүріп осылай белдемше, күрте тіккен соң маған қыздардан біртіндеп тапсырыс та түсе бастады. Мұндай кимдер дүкеннен табылмайды. Дүкенге түскен күннің өзінде тез өтіп кететін кезең еді. Қыздар қызығып, «осындай белдемшені маған да тігіп бересің бе?» деп өтініш айта бастады. Әлі күнге дейін есімде, 11 сынып оқып жүргенде 5-6 белдемше сатқан соң, түскен қаражаттың басын құрап, өзіме алғаш рет былғары етік сатып алған болатынмын.

«Еңбектің наны тәтті» деген, содан бастап тігін тігуді жаным серік етіп келе жатқаным биыл 32 жыл болады екен. Әлі күнге Заира әпкеме үлкен рақметімді айтамын. Бүгінде ол зейнеткерлікке шыққан кісі, сонда да білмеген тұсымды сұрап, ақыл-кеңесін аламын. Бұл тігін деген бірден менеріп кететін мамандық емес. Өміріңнің соңына дейін үйренетін, үнемі дамып отыратын сала. Сән деген бір орында тұрмайды. Жыл сайын, тіпті ай сайын түрлі сәнді бұйымдар мен кимдер шығып жатыр. Соны қалай пішуді, қалай тігуді үйренуден жалықпаймыз. Кейде қыздар келеді, «әпке, сізден 1-2 ай курс оқысам тігінші бола аламын ба?» дейді. Бұл қате ұғым. Мен өзім де әлі үйрену үстіндегі шәкіртпін десем болады. Ізденіс ешқашан тоқтамақ емес. Осы менің наным, жан-дүнием тыныштық тауып жасайтын сүйікті жұмысым.

**– Бүгінде жеке кәсіпкерлікпен айналысып отырсыз. Қарамағыңызда қанша адам қызмет етеді? Жұмысқа қабылдайтын кезде қоятын қандай да бір талаптарыңыз бар ма?**

– Қарамағымда бес адам жұмыс істейді. Одан бөлек көпбалалы аналар мен үйінен шығуға мүмкіндігі жоқ, яки ерекше балаларды тәрбиелеп отырған аналар да бар. Сондай-ақ зейнет жасына жақындап қалған әпкелеріміз бар. Үлгермей жатса, түскен тапсырыстарды сол кісілерге еш күмәнсіз сеніп тапсыра аламын. Өздері тиянақты, жауапкершілігі мол жандар. Ательеден шыққандай етіп, бұйымдарды тігіп әкеп береді. Талабым өз ісін, өз кәсібін жақсы көретін, еңбеккер, тапсырылған жұмысқа тиянақты болуы керек.

**– Қателеспесем, төрт баланың анасысыз. Ендігі кезекте отбасыңызға ойысасыз. Балаларыңыздың ішінде ісіңізге қызығушылық танытып, ізіңізге еруге ниеттісіз бар ма?**

– Бір ұлым, үш қызым бар. Үш қызым да тігінге жақын. Кішкентай кезінен түйме болса да тіктіріп, қызығушылықтарын ашатынмын. Кенже қызым тігін машинасына тоғыз жасынан бастап отырып, өзіне керекті шалбарын, спорттық киімдерін тігіп ала беретін. Біздің әкеміз де, яғни отағасы да тігінші. Ол кісі автокөліктерге чехол тігумен айналысады. Үйдегі әкеміз де көлөнерден құралақан емес, тоқыма тоқитын. Соны көріп өскеннен кейін балаларым да тігін тігуге жақын болды.

**– Бір киімді немесе бұйымды тігуге қанша уақыт жұмсайсыз?**

– Нақты айту қиын. Әр бұйым әртүрлі келеді. Мәселен қыз ұзатуға дайындалатын киімдер ұзақ уақытты қажет етеді. Себебі сәукелесі мен қамзолы, оған түсетін ою-өрнегі, моншақтары бар. Соның барлығы өзіміз кестелеп, өз қолымыздан шығатын болған соң нақты қанша уақытқа созылатынын тап басып айта алмаймын.

**– Матаны, түстерді, дизайнды қалай таңдайсыз? Материалды тапсырыс беріп алдырасыздар ма?**

– Матаның бүгінде түрі де, түсі де көп. Көбіне олардың сапасын Ресейдің, Түркия мен Дубайдың дизайнерлері арқылы бақылап отырамыз. Маталар алғаш болып Алматы, Ақтөбе, Шымкент секілді үлкен қалаларға келеді. Сол жақтан тапсырыс беріп алдырамыз.

Сондай-ақ мата тапсырыс берушімен келісе отырып таңдап алынады. Себебі тапсырыс берушінің түс-әлпетіне, дене бітіміне қарап, жарасымды деп тапқан дүние ортақ келісе отырып жасалады. Егер де тапсырыс берушінің өзіне ұнап жатса, өзіміздің қаладағы мата дүкендерінен де әкеліп береді. Басты мақсатымыз қонымды, әдемі әрі сапалы бұйым шығару.



**– Клиенттеріңіздің қалауын қаншалықты ескересіз, олардың идеяларымен жұмыс жасайсыз ба?**

– Әрине, ең бірінші орында клиенттің идеясын, қалауын тыңдаймыз. Әр адам өз қалауын айтып жеткізеді. Ең қызығы, мектеп тәмамдап жатқан жас түлектер келеді. Олар көбіне алқызыл (розовый) түсті таңдап, қуыршақ Барби көйлегінің дизайнына ұқсатып тапсырыс береді. Сонда бұл кең етекті көйлектер көзге оғаш көрінетінін, бүгінде сәнде басқа үлгілер барын түсіндіремін. Бірақ олар дәл солай киінгісі келетінін жеткізеді. Қалауындағы дүниені дәлме-дәл тігіп беремін. Дайын болған уақытта көйлекті киіп, айнаның алдында баладай айналып, ұзақ тамсанып тұрады. Жас түлек, бірақ әлі де балалығы бар. Осы ісіне сырттай сүйсіне қарап, «бұл қыз сәби күнінен қуыршақ стиліндегі көйлекті киюді армандаған болар» деп, сол арманын орындағандай болып, қуанып қаламыз. Осындай жағдайлар жиі болып тұрады.

**– Қандай тігін машиналарын қолданасыз және олардың ерекшеліктері жайлы айтып берсеңіз.**

– Тігін машиналарымыздың барлығы жетілдірілген арнайы өндірістік және үлкен тігін цехтарда қолданатын машиналар. Үгітіміз де, жалпы қолданатын техникамыздың барлығы соңғы үлгіде. Еңбектің арқасында барлығына уақытылы қол жеткізіп отырмыз.

**– Қай стильдегі немесе қандай үлгідегі киім тігу сізге ерекше ұнайды? Сондай-ақ қандай киімдерге көп тапсырыс түседі?**

– Қазақы нақыштағы киімдерге көп тапсырыс түседі. Өзімнің жаным жақыны да – ою-өрнектер. Жыраулардың, айтыскер ақындардың шапанын, қамзолдарын тіккен кезде ішімдегі бір рухты оятып, әрбір ою сөйлейді. Мәселен ер адамдардың шапанын тіккенде кеуде тұсына түскен ою-өрнек етегіне түсуге болмайды. Ырыс-несібесі төмен болады. Бірақ бұған қазіргі кәсіпкерлердің көбі аса мән бермейді. Әрбір ою-өрнектің өзіндік мән-мағынасы бар. Ол жайлы қозғал кетсең, көп нәрсе талқылауға болады.

Сондай-ақ маған қазіргі жастардың жаңа киім үлгілері ұнайды. Себебі өзім де үнемі ізденемін. Ол шығамын дегенше үлкен қобалжу, уайым болады. Жалпы айтқанда жастармен, олардың идеясымен жұмыс істеу қатты ұнайды.

**– Осы саладағы ең үлкен жетістігіңіз қандай? Есте қалған ерекше тапсырыстар немесе жұмыстар жайлы айтып берсеңіз...**

– Ең үлкен жетістігім қала әкімінің қолынан алғыс хат алуым. «Өз ісің шебері» номинациясын иемденуім, айта берсем, мұндай марапат көп. Бірақ соның ішінде қатты қуанғаным осы қала әкімінің марапаты болатын. Себебі еңбегіміздің көзге түсуі, бағалануы – ол үлкен абырой. Еңбек еткен жан елеусіз қалмайды. Іштегі рухымызды көтеріп, осы жұмысты әрі қарай алып кетуге себепкер болған жетістік осы деп айта аламын.

Ал есте қалған тапсырысқа келсек, Германиядағы қандасымыз ою-өрнекпен көмкерілген үш метр дастарханға және майлықтарға тапсырыс берген болатын. Осы жұмысымыз ерекше есте қалды. Мекен-жайына жеткен уақытта бейнеролик жолдап, мәз-мейрам болғаны әлі күнге дейін көз алымда. Тағы бір есте қалғаны жуырда ғана күміс домбыраны иемденген айтыскер ақын Бексұлтанға тіккен шапаным. Айтыстан жүзделі оралып, хабарласты. Шапаны ерекше

көзге түсіп, сахнада жарқырап отырғанын көпшілік айтқан екен. Тапсырыс берушілер кері байланыс жасап, осылай қуанып алғысын айтқанда төбеміз көкке екі елі жетпей, марқайып қаламыз.

Қызылордалық кәсіпкерлер мен тігіншілерден құралған чатымыз бар. Сол жерде жаңалықтарымызбен бөлісіп, түсінбей жатсақ бір-бірімізге қолдау білдіріп, көмек көрсетуден аянып қалған емеспіз.

**– Қазақстанда тігіншілік кәсіптің даму қарқыны туралы ойыңыз қандай? Сән әлемінің жаңалықтарымен жиі санасып тұрасыз ба?**

– Жеңіл өнеркәсіп баяу құлдырап барады десем артық айтқаным емес. Өйткені бұрынғы бізге тігін тігуді үйрету қарқынды жүргізілді, үйренемін деп қызығушылық танытатын жастар қатары да көп болатын. Ал қазіргі жастарға аса көңілім тола бермейді. Ең бірінші айлығын сұрайды. Байып кету жолын іздейді. Мәселе онда емес, айтарымыз алғашқы орында еңбек. Егер шыдамдылық болса барлығы еңбекпен ғана келеді. Сосын сабақ беретін, үйрететін көп орталық жабылып қалған. Кейбір қыздар бар, ізденіп, ізімнен қалмай үйренуге талаптанып келеді. Осындай өзім секілді қыздарды көрсем қуанып, тігін тігуді тегін үйретемін. Солай аралас-құралас болып жүрген жас қыздар бар. Мейрам, туған күн сайын «әпкелеп» келіп, құттықтап кетеді.

**– Жанадан тігіншілікпен айналысқысы келетіндерге қандай кеңес берер едіңіз? Алдағы жоспарыңызбен бөліссеніз...**

– Менің ойымша қазақ қыздарының барлығы тігін тігуді білуі керек секілді. Әсіресе көпбалалы аналар. Біріншіден, отбасылық қаражатты үнемдейді. Екіншіден, өз қолынан шыққан дүниені киген баланың әр киімі есінде қалады.

Сондай-ақ балаларымен бірге өзі де сәнді, ерекше киініп жүреді. Мен барлығын тігін тігуге шақырап едім.

Ендігі өзімнің ойымда жүрген дүние жайлы айтар болсам, зейнеткерлік демалысқа шыққан аналарға арнап орталық ашқым келеді. Жұмыс істеп жүріп, зейнеткерлік демалысқа шыққан соң адамдар үйде отырып қалады. Ал үйде отырған адам аурушаң болады. Осындай аналарға арналған орталық ашуды армандаймын. Кішкене болса да өздеріне қамзолын, моншағын, көрпешестің тігуді үйреткім келеді. Бір жағынан бастары қосылып, өздеріне құрбы тауып, сыр шертіседі. Жалпы айтқанда, қарт аналарды таңертең әкеліп, кешке алып кететін кәдімгі балабақша секілді қызмет атқаратын орталық ашу арманым.

**– Қандай керемет! Өз ісіне адал, жалпы адамзатқа үлгі боларлық жанмен келелі сұхбат құрғанымға қуаныштымын! Кәсібіңізге береке берсін!**



*Менің анам...*

Айша бибі, Тұмар мен Ұмай,  
Болай, Домалақ  
аналардай дүниені мейіріміне орап ап,  
жүрегіне бөлеген жаны аяулы бір адам,  
Мен өзіндей бола алсам, басқа бақыт сұраман!  
Тіршіліктің бастауы, Адам сүйген Хауадай,  
Құдіреттің иесі Құдайдан соң Ана ғой!



Бетті дайындаған  
Аружан ОРАЛБАЙ

СҰХБАТ

Басы 1-бетте

– Көптен күткен көктемнің басты мерекесі құтты болсын, Гүлнәр Өмірбекқызы! Алғашқы сұрағым, мамандығыңызға қатысты болмақ. Невропатология саласын таңдауға не себеп болды? Бұл мамандыққа деген қызығушылық қалай пайда болды?

– Рақмет! Ең алдымен, қасиетті Рамазан айының келуімен, сондай-ақ 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын!

«Баланы тәрбиелеме, өзінді тәрбиеле» демекші, әр баланың кішкентайынан көріп өскен адамдардан еріксіз тәлім алатыны анық. Ал менің балалық шағымнан көріп өскен тұлғалар әкемің қарындастары еді. Әпкелерімнің барлығы медицина саласында еңбек етіп, менің осы салаға деген құлшынысымды оятты.

Невропатология – адам денсаулығының ең маңызды жүйесімен, яғни орталық және перифериялық жүйке жүйесімен айналысатын сала. Бұл мамандықты таңдауыма университет қабырғасындағы профессорымның ықпалы зор болды. Ол жүйке жүйесінің бүкіл ағза қызметіне әсер ететінін ерекше атап өтетін.

Неврологияның күрделілігі мені әрдайым қызықтырады: әр науқастың шағымы жеке зерттеуді, терең талдауды қажет етеді. Бұл сала тек физикалық емес, психосоматикалық факторларды да қамтиды. Әрбір диагноз, әрбір емдеу тәсілі – үздіксіз ізденіс пен кәсіби дамуды талап етеді. Сол себепті мен бұл мамандықты өмірлік жолым ретінде таңдадым.

– Сұрақтар легін әйел денсаулығына қатысты сауалдармен жалғастырақ. Айтыңызшы, дәрігерлік тәжірибеңізде әйелде жиі кезітетін психосоматикалық бұзылыстар қандай? Оның алдын алу жолдарымен бөліссеңіз.

– Әйелдер қауымында жиі кездесетін сырқат – невроз және кернеулі бас аурулары деп ойлаймын. Көпке топырақ шашпаймын, алайда денсаулығына салғырттық танытатын нәзік жандарды жиі кездестіреміз. Көбіне жағдай мүшкіл халге түскен кезде ғана барып дәрігер көмегіне жүгінеді. Өкінішке қарай, ол кезде тіптен кеш болып кетуі әбден мүмкін.

Көп әйелде стресс, депрессия жиі кездеседі. Мұны өздігінше жеңуге тырысады. Мәселен, әйелдің отбасында қиын жағдай орын алып, одан туған күйзеліспен өзі күреседі. Ал дәрігер көмегіне жағдай ушыққан кезде, яғни бет нерві, қол-аяқ дірілдеген кезде жүгінеді. Соның өзінде олар өз қалауымен емес, басқа біреу бұл құбылысты байқаған жағдайда ғана келеді.

Нәзік жандардың денсаулыққа немқұрайлы қарауына бірден бір себеп деп қоғамда қалыптасқан менталитетті атасақ болады. Ал денсаулық салғырттықты көтермейді. Олар тексерістен өтіп, дәрігерге көрінуден жасқанады. Осы тұрғыда ата-ана қазірден бастап қыз баласының түйсігіне оның қаншалықты құнды екендігі туралы ой қалыптастыруы керек. Бала шағынан салғырттыққа бой алдырмай,

## Гүлнәр МҰСТАФАЕВА:

# ДЕНСАУЛЫҚ САЛҒЫРТТЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ



денсаулыққа жауапкершілікпен қарауға үйретіп білгеніміз дұрыс.

Әйел адам – әр үйдің ұйытқысы. Балаларға да көп дүние ананың ақ сүтімен, оның берген тәрбиесімен дариды. Сондықтан әйел денсаулығының маңызды екенін естен шығармаған абзал.

– Жасанды интеллектті пайдаланатындардың саны күннен күнге артып келеді. Оның пайдасы мен зиянына тоқтала кетсеңіз. Қазіргі нейрожүйе адам психологиясына қалай әсер етеді?

– Технологияны тоқтату мүмкін емес, оны дұрыс қолдансақ, пайдасы мол. ЖИ білім алуға, ақпарат өңдеуге көмектеседі, алайда шамадан тыс пайдаланудың зиянын ескермеу мүмкін емес.

Балалар арасында ЖИ-дің кең таралуы ойлау, шығармашылық қабілеттің төмендеуіне, қозғалыстың азаюына әкеледі. Экранға тәуелділік көңіл-күй тұрақсыздығын, агрессияны күшейтіп, невроздардың көбеюіне себеп болады. Неврозды жағдай бұрындары ересектерде жиі кездессе, қазір балалардан да байқауға болады.

Сондықтан балаларға табиғи дамуға, өздігінен ойнауға, қозғалысқа уақыт беру маңызды. Бұл жүйке жүйесінің дұрыс қалыптасуына ықпал етеді.

– Өзіңіз білетіндей, әлеуметтік желіде цензураның жоқтығы үлкен мәселе. Telegram желісінде түрлі канал арқылы ақпарат пен бейнегаспаны көруге мүмкіндік бар. Бұл балалар психологиясына да әсер ететіні анық. Осы тұрғыда айтыңызшы, балалар көріп жүрген контентті қалай бақыласақ, оған қарсы иммунитетті қалай қалыптастырамыз?

– ҚР Кодексі бойынша елімізде әлеуметтік желілерде цензура қадағаланады. Дегенмен «өтпеген-ай» дейтін тұстары да жеткілікті. Кейбір әлеуметтік желіде көруге болмайтын, тыйым салынған бейнематериалдарды толық бұғаттау мүмкін емес. Ал осы тұста ата-ана бақылауынан тыс қалған балалардың зиянды контентке тап болмасына ешкім кепіл бола алмайды. Шетелдерде бала психологиясына кері әсер ететін жазбалар, видеолар мен қауіпті ойын жасайтын түрлі авторлар бар, бұл үрдістен біздің ел де тыс қалмауы мүмкін.

Жат әрі зиянды контент тек балаларға ғана емес, ересектердің де санасына әсер етіп, қоғамның рухани әлсіреуіне, құндылықтардың бұрмалануына әкелуі ықтимал. Сондықтан ата-ана ұрпағының ақпараттық кеңістікте не тұтынып отырғанын қадағалап, сапалы білім мен саналы тәрбиені қатар беруі керек. Ал мемлекет цифрлық кеңістікті жүйелі бақылап, кез келген медиа өнімнің мазмұнын сараптауды күшейткені жөн.

Бала – ұлт болашағы. Оның санасын улауға жол бермес үшін біз зиянды ақпаратқа тосқауыл қойып, таным теңестіріп, ойын озық ұрпақ тәрбиелеуге ұмтылуымыз қажет.

– 8 наурыз қарсаңында әйелдерге өз денсаулығын психологиялық тұрғыдан жақсарту үшін қандай кеңес берер едіңіз?

– Мерекелер күнделікті отыра, дәрігер ретінде емес, әйел ретінде барша арулар қауымына кеңес берсем деймін. Ең алдымен, әйел адам өз бағасын біліп, өзін таныса екен. Себебі қоғамда құндылығын, өзіне деген сенімін жоғалтқан адам дамудың жолынан жаңылады. Денсаулыққа, ішкі психологиялық жағдайға бейжай қарамау керек. Уақытылы тексерістен өтіп, титтей де болсын сырқаттың симптомын байқаған бойда дәрігерге қаралып, дертіне шипа іздеуге асыққаны абзал.

Әр қыз бала – болашақ ана, бір әулеттің келіні. Бірақ ең алдымен ол Алланың ең асыл, ең құнды жаратылысы. Сол себепті қыз тәрбиелеп отырған әрбір ата-ана оны барынша сүйіспеншілікте өсіріп, бойына құнды қасиеттерді дарыта білсе, өзін-өзі жақсы көруге үйретуі тиіс. Егер әйел адамның жүрегіне тыныштық орнап, бақытты болса, ол айналасындағы әрбір жанды шуағына, махаббатына бөлейтіні анық.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Қорлан САРЫ

# 8 НАУРЫЗҒА НЕ СЫЙЛАУҒА БОЛАДЫ?



Көңілді жадыратып көктем де жетті. Наурыз айы жаныңа шуақ сыйлар ерекше мерекелерден бастау алады. Әсіресе нәзік жандар көктем шығысымен қауыз жарған бәйшешектей құлпыра түседі. Өйткені 8 наурызда сый-құрмет әйелдер қауымына арналады.

Мереке жақындаған сайын анамызға, бауырларымызға, құрбыларымызға не сыйлармызды ойлана бастаймыз. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде айтылғандай сыйлық сыйлау сүннет болып саналады. Ізгі ниетпен берілген сый адамдар арасындағы сыйластықты арттыра түседі.

Бүгінде ел дамыған сайын сыйлық сыйлау мәдениеті қалыптасып келеді. Сапасына сәйкес бағасы қойылған сан түрлі сыйлық дүкен сөрелерінде толып тұр. Дегенмен нәзік жандар шын мәнінде нені қалайды?

Бұл сауалдың жауабын білмек үшін әлеуметтік желіде сауалнама ұйымдастырдық. Байқасақ, жасы үлкен аналарымыздан гөрі бұл сауалға жастар көбірек жауап жазыпты. Бойжеткендердің көбі жақындарынан гүл мен ашық хат алуға қалайды екен. Арасында сұлулық салоны не финтес, киім, бояну құралдары дүкендеріне сертификатты таңдағандары да бар. Ал тұрмыстағы келіншектер зергерлік бұйым, бағалы сыйлық немесе қаржылай бергені дұрыс деген нұсқаны таңдапты. Демек тұрмыстық жағдайға сәйкес талғам да өзгере түседі.

Қызылды-жасыл гүлдер мерекенің атмосферасын бірден сезіндіретіні анық. Сондықтан болса керек қыздар «не сыйласа да қасында гүл болса» деген ойын жеткізіпті. Демек гүл мерекенің басты символы десек болады. Әсіресе, қызғалдақ. Елімізде

осынау нәзік гүлдің 30-дан астам түрі кездеседі. Зерттеулерге қарасақ, қызғалдақтың отаны Азия, Қазақстан болып саналады. Бірақ алғаш рет Голландияда өсірілген. Осылайша Еуропаға кең таралып, танымал болып кеткен.

Кәзір әдемі гүл шоғының бағасы да арзан емес. Сондықтан болса керек тұрмыстағы нәзік жандар отағасының қаржыны гүлге емес, ұзақ пайдаланылатын, бағалы бұйымға жұмсағанын қалайды. Ал гүлден бөлек не сыйлауға болады?

8 наурызда ең алғаш құттықтау керек адам – анамыз. Сондықтан түнгі 12-ден кейін құттықтасңыз да болады. Анаңызды қалай жақсы көретінін айтып, алғыс білдіріңіз. Ал айта алмасаңыз, ашық хатқа жазыңыз. Әрине, алдымен гүл алғаныңыз дұрыс. Бөлке гүлін таңдауға да болады. Одан бөлек, анаңызды қуантатын сыйлық сатып алыңыз. Зергерлік бұйым, киім-кешек, не өзіне қажет тұрмыстық техника, шипажайға жолдама сыйласаңыз болады.

Бұл мерекеле әпке, қарындастарымызды да ұмытпаған дұрыс. Бірге өскен бауырларымызға әшекей, киім, кітапша, тұрмыстық бұйымнан бөлек тәттілерден құралған жинақ, шай, кофе, телефон қаптағыш сыйлай аласыз.

Осы мерекенің аясында әр азаматтар өзі ұнататын бойжеткенді де

қуантуға асығады. Алыста болсаңыз да, елеусіз қалдырмағаныңыз жөн. Гүлмен бірге әшекей бұйым, косметикалық жинақ, өзі оқығысы келетін кітап сыйлауға болады. Ал ерекшелік болсын десеніз аты жазылған алқаға тапсырыс бере аласыз. Негізі бойжеткеннің сөздеріне зер салсаңыз өзі не алғысы келетінін алдын ала айтуы да мүмкін.

Мерекеле әріптестердің де орны бөлек. Сыйлық сыйлау арқылы сыйластықты білдіресіз. Гүл мен шоколад, сертификат немесе әдемі ыдыс-аяқ, кітап сыйлауға болады. Ұжыммен бірге киноға, боулингке, концертке, театрға т.б орындарға бару да жақсы идея.

Шанырақ көтерген азаматтар өмірлік серігіне сыйлықты ертерек таңдағаны дұрысырақ. Балаларыңыздың анасына гүлмен бірге өзі ұнататын затты алуға болады. Көбіне келіншектері не қажет екенін алдын ала айтуы мүмкін.

Айта кетерлігі, 8 наурыз да – күнтізбедегі жай күн. Бұл күнді ерекше ететін біздің жақындарымызға деген ниетіміз бен көңіліміз, құттықтаулар мен тілектер. Сыйлықта тұрған сүйеніс жоқ. Себебі әрбір арнайлап атқан күн мен нығметтердің бәрі бізге деген Жаратқанның сыйы.

А.НУРТАЙҚЫЗЫ



Жуырда Еркеш Хасеннің орындауындағы ана туралы әнді тыңдап отырып, жанарым жасқа толды. Ән аяқталса да, жүрегімде сағыныш пен өксік қалып қойды.

## ЖАҚСЫ БОЛ, ӘЛДЕ ЖАМАН БОЛ МЕЙЛІ. ЖҮРСЕҢ ДЕ ҚАЙДА, АМАН БОЛ ДЕЙДІ.

Бізді дүниеге әкелген жан туралы айтудан да, жазудан да шармаймыз. Себебі өмірдің ағысына ілесіп, түрлі максаттың жетегінде жүргенімізде, біз үшін жанын шүберекке түйетін жан бар, ол – ана. Бала кезімізде құласақ, тіземіз емес, анамыздың жүрегі қан жылайтын. Өсе келе қателесек те жанымыздан табылатын жалғыз адам – ана.

Әр перзентке өз анасы баға жетпес байлық демекші, бала күнінде «Сенің анам алтын, менің анам алтын» деген әнді ұнатпайсыз едім. Менің анам ғана алтын болу керек деп, құрбыларымың құлақ етіп жейтінмін. Балалық дейміз бе, білмеймін. Бірақ сол кезде мен үшін дүниедегі ең асыл жан – анам еді, қазір де солай.

Әлі есімде. Бірде ата-анам сапарға шықты. Шамамен ол уақытта 5-6 сынып оқымын. Біреуге кішкентай, біреуге үлкен қызбын. Бірақ анамды сағынып, жұпар иісі сінген киімдерім иіскейтінмін. Ол иісті басқа еш жерден таппайсыз. Тіпті әтірлерден де керемет еді. Ақ қалатын танауына жақындатқанда ішкі уайымым да, сағынышым да басылатындай болатын.

Тоңазықшы етке толы болса да, картоппен ғана әзірленген рожкиді ұнатамын. Себебі еш дәмдеуішсіз, аяқ асты жасалған осы тамақтың өзін анам дәмді етіп пісіреді. Кейде арнайылап, осы тамақты тапсырыспен әзірлетеміз. Білмеймін, бірақ әзірге менікі дәмсіз шығады. Ал пеште пісірген ыстық табанның маймен жегенде әлемді ұмытып кетемін. Анам қолы ашық,

жүзі жайдарлы жан. Қарапайым бауырсақ пісірсе де, достарыма арнайылап беріп жібереді. Олар да әр жұма күнді асыға күтеді. Кішігірім дәстүр десек те болады. Тағамдары бір бөлек, ал жұмыс, үй шаруасы мен отбасыға көңіл бөлуі бір төбе. Есімді білгелі, айналымды танымалы анам қызметте болды. Дегенмен қонақтарды да баптап, тойға да барып, бәрі-бәріне уақыт табатын. Анамның жан жақтылығын, барлығын білетінін көргеннен кейін бе, бала Әлия «ана мені мама ашпаның барлығын біліп жерге түскен» деп ойлайтын.

Уақыт өте өсейгенде анам құрбыма, сырласыма айналды. Ешқандай жағдайды жасырмай, бір-бірімізбен еркін сөйлесеміз. Анасы мен қызы ретінде бірге кино көруді, театрға баруды дәстүрге айналдырдық. Бұл күндер менің жүрегімде өшпейтін сәтке айналды. Себебі анамның қуанышы, эмоциялары мен үшін ұмытылмайды. Ойланым қарасам, анам мен үшін ғаламың жарығын сыйлаған күн тәрізді екен. Ол болмаса, менің өмірімде дәл осындай жылулық, дәл осындай мейірім болмас еді. Оның ерекшелік сәттері, берген ақылы, үнемі тілеуімді тілеп жүретіні – бәрі менің жанымның ең қымбат байлығы.

Жанымың жарығын және барлық аналарды 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтаймын!

Әлия ТӘЖІБАЙ

**Ақмешіт ЖАСТАРЫ**

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №КЗ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген.

«Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

**Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

<b>БАС ДИРЕКТОР</b> Марат АРАЛБАЕВ	Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10 <b>БАС РЕДАКТОР</b> Абзал ЖОЛТЕРЕК	<b>Таралу аймағы:</b> Қазақстан Республикасы Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А <b>e-mail:</b> aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru <b>Instagram:</b> @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz
	<b>Кезекші редактор:</b> Нұршат НЫШАНОВА
	<b>Таралымы: 6904</b> <b>Тапсырыс: 377</b>